

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТАСҚАЛА АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ**

«Келісілді»:

№1 педагогикалық кеңесте
(хаттама №1, 29.08.2018 ж.)

«Бекітемін»:

мектеп директоры
Дакишева Э.М.

**Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ
2018 - 2019 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**



Тасқала 2018 ж

Мазмұны

Кіріспе

I бөлім *Мектептің өткен 2017-2018 оқу жылдағы қызметін талдау және жаңа оқу жылының міндеттері.*

II- бөлім *Оқу-тәрбие үрдісін басқару және педагогикалық бақылау*

- Мектепшілік басқару;
- Педагогикалық кеңес;
- Мектеп директоры жанындағы кеңес;
- Оқу ісінің меңгерушісі жанындағы кеңес;
- Мектепшілік бақылау жоспары;
- Тәрбие жұмысының жоспары

III - бөлім *«Жалпыға міндетті білім беру туралы Заңның» орындалуы бойынша белгіленген іс-шаралардың жоспары.*

IV –бөлім *Педагог кадрлармен жұмыс*

- Аттестация алқасының жұмысы;
- Жас мамандармен жұмыс;

V бөлім *Ғылыми-әдістемелік жұмыс*

- Мектептегі ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары;
- Мектептегі мұғалімдердің тәжірибесін жинақтау және таратудың жоспары;
- Мұғалімдердің біліктілігін арттыру, өз білімдерін жетілдіру және ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен педагогикалық оқуларды өткізу;
- Түрлі әдістемелік байқаулар жоспары;

VI бөлім *Оқу-тәрбие үрдісін педагогикалық-психологиялық және әлеуметтік-медициналық тұрғыдан қамтамасыз ету шаралары*

- Педагог-психологтың жұмыс жоспары;
- Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары;
- Оқушылардың денсаулығын сақтауға бағытталған шаралардың жоспары;
- Мектеп кітапханасының жұмыс жоспары

VII бөлім *Ата-аналармен жұмыс*

- Мектептегі ата-аналар комитетінің құрамы;
- Мектептегі ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары;

VIII бөлім *Мектептің материалдық –техникалық базасын нығайту және шаруашылық жұмыс*

- Мектептің даму бағдарламасы
- Мектеп кеңесінің жұмыс жоспары
- Мектептің қамқорлық кеңесінің жұмыс жоспары

Кіріспе

Ы.Алтынсарин атындағы ЖББО мектебінің іргетасы 1968 жылы қаланған. 2000 жылы мектептің аталуы өзгерді, бұрынғы К.Маркс атындағы мектеп Ы.Алтынсарин атындағы мектеп болып өзгертілді. Мектеп Тасқала ауданының орталығында, М.Маметова атындағы көшеде орналасқан. 2003 жылдан бастап мектеп жанындағы 50 орындық интернат жұмысы жанданды.

Мектеп директоры – 1-ші санатты география және биология пәндерінің мұғалімі - **Дакишева Э.М.**

Директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

Мухамедрахимова Г.Ж. – 1-ші санатты бастауыш сынып мұғалімі;

Ажғалиев Т.У. – 1-ші санатты тарих пәні мұғалімі;

Умбеталиева А.Б. -2 –ші санатты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі;

Шаруашылық ісі жөніндегі мектеп директорының орынбасарлары – **Ергалиева М.Д., Шалабаева А.Г.**

1989 жылдан бастап мектепте оқу – тәрбие үдерісі екі тілде (орыс және қазақ тілінде) жүргізілуде.

Соңғы жылдары мектепте орыс тілінде оқытылатын оқушылардың саны азайып, мемлекеттік тілде оқитын оқушылардың саны артып келе жатқаны анықталып отыр. Биылғы 2018-2019 оқу жылында мектепке мектеп директорының бұйрығымен 348 оқушы қабылданды, соның ішінде 262 оқушы мемлекеттік тілде білім алса, 86 оқушы орыс тілінде оқытылуда. Сондай –ақ, мектепалды даярлық тобына 43 тәрбиеленуші қабылданса, түзете – дамыту сыныптарына ата – аналарының арызы негізінде 5 оқушы қабылданды. 8 бүлдіршін «Балбөбек» атты шағын орталықта тәрбиеленуде.

Қазіргі таңда мектепте 58 педагог жұмыстануда. Оның жоғары білімді - 47 ,арнайы орта - 11, жоғары санатты - 7, бірінші санатты - 19, екінші санатты -13 ,санатсыз -17, 1-ші деңгей -2 мұғалім, 2-ші деңгей – 5 мұғалім, 3-ші деңгей - 5 мұғалім.

2018-2019 оқу жылы басында мектепте 14 сынып – кабинет жұмыс істейді. Соның ішінде 7 кабинет жаңа модификацияланған. Аталған кабинеттерде 10 интербелсенді тақта және 14 проектор бар. Оқу жылы басында кабинеттерге мектеп директорының рұқсат АКТісі беріліп, барлық кабинеттер жұмыс істеуде. Сонымен қатар, мектепте интернет желісіне қосылған 98 компьютер бар. 2013 жылдан бастап мектеп «Е- Learning» жүйесіне қосылды.

2017-2018 оқу жылғы оқу – тәрбие жұмыс жоспары орындалып, қорытындыланды (№1 педагогикалық кеңес, 29.08.2018 ж., №1 хаттама). Аталған педагогикалық кеңесте 2018-2019 оқу жылына арналған оқу – тәрбие жоспары келісіліп, мектеп директорымен бекітілді.

I бөлім Мектептің өткен 2017-2018 оқу жылдағы қызметін талдау және жаңа 2018 – 2019 оқу жылының міндеттері

2018-2019 оқу жылында Ы. Алтынсарин атындағы ЖББО мектебінің педагогикалық ұжымы Ел Президентінің “Қазақстан-2050” жолдауын, «100 нақты қадам», “Білім туралы” Заңды, Қазақстан Республикасының “Тіл туралы” Заңын, “Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасын», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының, Тасқала аудандық білім бөлімінің білім сапасын дамыту туралы шешімдері мен бұйрықтарын, нұсқауларын басшылыққа ала отырып, 2018-2019 оқу жылына арналған мектепшілік жоспарын белгілеп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде, оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және басқа да үйірме, секцияларға тартуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, оқушыларды мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының барлық түрлерімен қамтуда нысаналы жұмыстар атқарды. “Білім беруде оқытумен тәрбиелеудің педагогикалық озық технологияларын қолдана отырып, әр оқушының білім бәсекелестік қабілетін арттыра отырып, шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту” атты проблемалық тақырыпта жұмыс істеп, аталған мәселе бойынша келесі міндеттерді жүзеге асырды:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын жүзеге асыру;
2. Қазақстан Республикасының білім беру стандартына сәйкес білім беру;
3. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасау;

2018-2019 оқу жылына арналған оқу жоспары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 6-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен ұсынылған әдістемелік – нұсқау хаты (2017 жылғы 21 сәуірдегі № 5 хаттама) негізінде құрылды.

Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқу басылымдарының тізбесі «Білім беру ұйымдарында 2018-2019 оқу жылында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттерінің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі №146 бұйрығымен анықталған.

Оқу пәндерінің жиынтығы мектептің білім беру мазмұны мен жас ерекшелігі психологиясы мен педагогикасының талаптарына сай жасалған. Оқу жоспарының инвариативтік бөлімі толық мемлекеттік стандартқа сай жасалып, орындалды.

Оқу жоспарының вариативтік бөлімі оқушыларды жалпы мәдениеттілікке, олардың бойында ұлттық ерекшеліктерді қалыптастыруды, мектеп бітірушіні жеткілікті біліммен қамтамасыз ету үшін жасақталған.

Оқу жоспарында берілген жылдық сағат жүктемесі жоғарыда аталған типтік оқу жоспарында берілген сағат жүктемесіне сай келеді.

I. 2017-2018 оқу жылында жұмыс істеген мұғалімдердің сапалық құрамы:

Мектепте 60 мұғалім жұмыстанды. Соның ішінде: жоғары білімді 46 мұғалім болса, арнайы орта білімді 14 мұғалім болды.

Санаты бойынша: 8 мұғалім жоғарғы санатты, 20 мұғалім бірінші санатты, 16 мұғалім екінші санатты және 16 мұғалімнің санаты жоқ. Мектеп мұғалімдерінің орташа жасы – 42,7 жас.

Мектеп мұғалім мамандарымен толығымен (100%) қамтамасыз етілді. Мұғалім мамандығының қажеттілігі жоқ.

2017-2018 оқу жылында 10-11 сыныптар келесі бағыт бойынша оқытылды:

10 «А» - жаратылыстану – математика бағыты, биология – физика бейіні;

10 «Б» - қоғамдық - гуманитарлық бағыты, қазақ тілі мен тарих бейіні;

11 «А» - жаратылыстану – математика бағыты, биология – физика бейіні;

11 «Б» - жаратылыстану – математика бағыты, биология – физика бейіні;


Мектепті 11 «А», 11 «Б» бағдарлы сыныбының 14 түлегі аяқтады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда мектеп бітірген түлектердің саны өзгермеген. 10-шы бағдарлы сыныптар ата-аналарының арызы негізінде ашылды: 10 «А» сыныбы жаратылыстану – математика бағыты бойынша, 10 «Б» сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағыты. Ал 10 «В» орыс сыныбы оқушы саны жетіспегендіктен ашылған жоқ.


Мектеп оқушылары екі тілде оқытылады (қазақ, орыс тілі).

Өткен 2017-2018 оқу жылында қазақ тілінде – 17 сынып комплекті болды, бала саны: 287, бұл өткен 2016-2017 оқу жылымен салыстырғанда 20 оқушыға азайғаны байқалды (2015-2016 оқу жылында -307 оқушы болды).

Орыс тілінде - 11 сынып - комплекті болды, бала саны: 91, өткен жылымен салыстырғанда бала саны 7 оқушыға кеміді.

Соңғы үш жылда мектеп оқушыларының саны өсіп келе жатыр. Соңғы 3 жылдағы оқыту тілдеріне байланысты оқушылар саны:





II. Мектептің материалдық-техникалық базасы және

санитарлық - гигиеналық жағдайы жөніндегі жалпы мәлімет:

2.1.Ы.Алтынсарин атындағы мектеп ғимараты 1968 жылы салынған.Мектеп ғимараты типтік, 2 қабатты, 350 оқушыға арналған.

Жалпы аумағы: 4810 м/кв.

Оның ішінде пайдаланылатын аумағы: 3940 м/кв. 2009 жылы күрделі жөндеуден өткен .

Мектептің температуралық режимі (№834, 25.10.2010 ж.) нормативтік құжатқа сай келеді.

Соның ішінде: сынып – кабинеттерінің температуралық режимі -18-22 С° болса, компьютерлік кабинетте – 18-20 С° көрсетіп тұр, дегенмен спорт зал мен дәліздерде ауа температурасы төмен (14-15 С°)

Жарықтандырылуы - 80-90 %

Асхана – 100 орындық, буфеттік тамақтану қарастырылмаған.

Спорт залы - 1, аумағы 102 м².

Мәжіліс залы - 70 орынды.

Сынып бөлмелері: 15.

Кітапхана – 1, оқу залындағы 15 орын;

АӘД кабинеті -1

Еңбек кабинеті - 2

Информатика кабинеті -1

Компьютер саны: 98, барлығы интернет жүйесіне қосылған.

2.2. Мектептің санитарлық - гигиеналық жағдайы: Мектептің 1968 жылы салынған.

Жазғы уақытында мектеп ғимараты ағымдағы жөндеуден өтті. Мектепте жылу температурасы талапқа сай сақталады. Күн сайын мектепте санитарлық- гигиеналық нормаларға сай, тазарту жұмыстары жүргізіледі.

2.3. Кабинеттердің санитарлық - гигиеналық жағдайы: Сынып бөлмелерінің санитарлық-гигиеналық жағдайы жақсы. Оқушы парталары мен тақталардың арақашықтығы нормаға сай. Барлық кабинеттер стандартқа сай кабинет төлқұжаттары бар, кабинеттердің даму жоспарлары бар.

2.4. Кабинеттердің дидактикалық материалдармен, аудио-көрсетілімдік техникалармен қамтамасыз етілуі:

Мектепте 14 оқу кабинеті бар, соның ішінде 10 кабинет жаңа модификацияланған. Аталған кабинеттерде 10 интербелсенді тақта және 7 проектор бар. Аталған құралдар толық жұмыс істейді. Кабинеттер толығымен оқу парталарымен қамтылған. Бастауыш сыныптар кабинеттерінде жас ерекшелігіне сай парталар қойылған.

Жаңа модификацияланған кабинеттердің (химия, физика, биология) құрал – жабдықтары мектептің зертханасында сақталады. Оқу кабинеттерде талапқа сай дидактикалық материалдар жинақталған. Үзіліс уақытында кабинеттер желдетіледі.

2.6. Спорт залының жабдықталуы:

Мектепте типтік спорт залы бар. Дене шынықтыру пәнінің сабақтары спортзалында өткізіледі. 2016-2017 оқу жылында **663472** теңгеге 2 доп (46530 тг), 8 волейболдық форма (30960 тг), 2 ойындық үстел (5580 тг), 10 шаңғы (202050 тг), 10 секіртпе (12870 тг), 1 спорттық ат (40140 тг), 1 мостик (25020 тг), 7 шаңғы (117502 тг), 15 коньки (182820 тг) алынды. 2017-2018 оқу жылында **754840** теңгеге 1 гимнастикалық ат (69000 тг), 1 турникет (120000 тг), 2 канат (47720), 2 шатырлы үй (67800 тг), 8 каримат тосемшесі (19600 тг), 10 коньки (200000 тг), 3 футбол добы (17940 тг), 8 ұйықтайтын қап (49600 тг), 1 полиспаст (18690 тг), 6 белдеуше (106200 тг), 6 штанг (19500 тг), 2 гантель (7960 тг), 9 граната (10830 тг) алынған.

2.7. АӘД кабинетінің жабдықталуы:

Мектепте 1 АӘД кабинеті бар. АӘД мұғалімі Дарменов Р.К, бірінші санатты, еңбек өтілі -14 жыл. Мұғалім білім жетілдіру курсынан 2014 (ақпан) жылы Астана қаласында өтті. Кабинет толық әдістемелік кешенмен жабдықталған. Кабинетте тақырыптарға сәйкес көрсетілген плакаттары бар. Сондай – ақ, кабинетте мемлекеттік рәміздерді орналастыратын жағдай жоқ, өйткені кабинеттің ауданы тар. Сондықтан, мемлекеттік рәміздер насихаттау көрнекілік стенд түрінде орналасқан. Қару түрлері – пневматикалық винтовка (МР-15), оқулық қару (АК -74). Аудио-көрсетілімдік - техникалық жабдықтардан алсақ, кабинетте теледидар, видеомагнитофон бар. Талапқа сай тәуліктік кезекшінің бұрышы жабдықталған. Сонымен қатар, мектеп алдында саптық алаң бар.

2.8. ҚР рәміздерінің орналастырылуы.

Мектепте мемлекеттік рәміздердің орналасуы Қазақстан Республикасының рәміздер туралы заңына (2007 ж. 04 маусым, №258) сай келеді. Нормативті құжаттарда көрсетілгендей, мемлекеттік нышандар мектептің 2-ші қабаттағы дәлізінде, мектеп басшысының бөлмесінде бар. Тәрбие жұмыстары барысында барлық мұғалімдердің, оқушылардың рәміздердің шығу тарихы, мазмұнын және гимнді жатқа білуі сияқты жұмыстар жүргізіледі. Әр дүйсенбі сайын мектеп оқушылары бірінші сабақ алдында Мемлекеттік Гимнді орындайды.

2.9. Мектептің безендірілуі: Мектеп мемлекеттік тілде безендірілген. 2015-2016 оқу жылында талаптарға сай мектеп жаңа заманауи стендтермен безендірілді, соның ішінде сабақ кестесі, мемлекеттік қызмет көрсету, өлкетану, тәрбие жұмысы бойынша стендтер орнатылды.

2.10. Зертханалық жағдай:

Мектепте зертханалық кабинет мектеп ғимаратының 1-ші қабатында орналасқан. Зертханада химия, биология, физика – жаңа модификация кабинеттерінің құрал – жабдықтары рет – ретімен қойылып, аталған құрал – жабдықтарға картотека жүргізіледі. Сонымен қатар, басқа пәндерге арналған кестелер, плакаттар, карталар бар. Химия пәніне арналған реактивтер кабинеттегі арнайы сейфте сақталуда. Зертханашы – Махашева У.М. зертханалық кабинеттің жұмысын талапқа сай жүргізеді.

III. Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту.

3.1. Бұйрықтармен жұмыс.

Мектептің іс-номенклатурасында бекітілген (№144 22.12.2014) бұйрығы негізінде «Негізгі қызмет жөніндегі бұйрықтар», «Жеке құрам жөніндегі бұйрықтар», «Оқушылардың құрамы

жөніндегі бұйрықтар», «Іс-сапарлар, тәртіптік жазалар және еңбек демалыстары бойынша бұйрықтар» жүргізілуде.

3.2. Ықшам аудандарды аралау.

Ықшам ауданның ауылдық округіне сәйкес келетін картасы жасалып, Тасқала ауылдық округінің әкімі Ж.Ахметовпен бекітілді. Әкімнің бұйрығымен белгіленген көшелерге мектеп мұғалімдері мектеп директорының бұйрығы негізінде мектептің мөлтек ауданы бойынша үйлерді аралап, ықшам ауданда тұратын 0-18 жастағы балалар саны анықталды. Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББ мектептің ықшам ауданына 24 көше және мектебі жоқ Жігер ауылы жатады. 2016-2017 оқу жылының басында 0-ден 18 жасқа дейін – 540 бала, 6-18 жасқа дейінгі – 360 бала тіркеліп, соның ішінде бала оқудың әр түрлі формаларымен қамтамасыз етілді – 350. Мектепте – 322, мектепалды даярлық топта – 30, тузете- дамыта оқыту сыныпта – 6 оқушы, шағын орталықта – 12, балабақшада – 45 бала, облыс мектебінде – 2, колледждер мен кәсіптік мектептерде – 21, жоғары оқу орында – 4.

Биыл 2017-2018 оқу жылының басында 0-ден 18 жасқа дейін – 567 бала, 6-18 жасқа дейінгі – 379 бала тіркеліп, соның ішінде 378 бала оқудың әр түрлі формаларымен қамтамасыз етілді. Мектепте – 336, мектепалды даярлық топта – 31, тузете- дамыта оқыту сыныпта – 5 оқушы, шағын орталықта – 9, балабақшада – 49 бала, облыс мектебінде – 3, колледждер мен кәсіптік мектептерде – 31, жоғары оқу орында – 7. Тегін ыстық тамақпен 225 оқушы қамтылды: әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары – 64, бастауыш сынып оқушылары – 30. Ықшамаудан бойынша оқу жасындағы балалар толығымен мектепке тартылып орта, негізгі, бастауыш білім алуда.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда мектепке жататын ықшам ауданда бала саны 608-ден 692 бала дейін көтерілген.

3.3. Оқушылар контингентін қалыптастыру және оқушылар қозғалысы

2018-2019 оқу жылының басында 348 оқушы болды. Сеть бойынша :

1-4 сыныптарда – 145 оқушы;

5-9 сыныптарда – 169 оқушы;

10-11 сыныптарда – 34 оқушы;

Мектепалды даярлық тобында бала саны – 43.

Сыныптар бойынша:

	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	барлығы	МАД	ТДС	Ш/О
Қазақша	30	16	35	28	34	16	18	19	32	17	17		33	5	20
Орысша	9	9	10	8	10	9	13	7	11	-	-		10	-	-
барлығы	39	25	45	36	44	25	31	26	43	17	17		43	5	20

Шағын орталық бір топ, бірақта балалар 3-5 аралығында болғандықтан, 2 оқу жоспары бекітілді. Тәрбиешісі Кабекенова Б.К.

2018-2019 жаңа оқу жылында 27 сынып – комплектісі жинақталып, ашылды. Сонымен қатар, ата – аналардың арызы негізінде 1 түзете – дамыту сыныбы, үш мектепалды – даярлық тобы жинақталды.

2018 жылдың 29 тамыз күні өткен 1-ші педагогикалық кеңесте мектептің оқу жоспары, пән мұғалімдерінің апталық жүктемесі, үйірме, факультатив сабақтарының бөлініп, сынып комплектілер анықталып бекітілді.

3-4. Жетім, жартылай жетім, көп балалы отбасы мен әлеуметтік жағдайы нашар оқушыларымен жұмыс. 2017-2018 оқу жылының басында бұйрық негізінде балалар құқығын қорғау инспекторы Ахметов С.Б. тағайындалды.

Мектепте қамқорлыққа алынған бала саны -2 (Болдарева Светлана, Нигметов Әлімжан).

Жыл бойы аталған оқушыларға оқу мен тәрбие үшін қолайлы жағдайлар жасалынды. Оқумен қамту қорынан қамқорлыққа алынған оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтылды және «Қайырымдылық», «Мектепке жол» акциялар аясында демеушілер және мектеп тарапынан материалдық көмек көрсетілді.

3-5. Оқушыларға ыстық тамақ ұйымдастыру

Тасқала аудандық әкімдігінің №65 (27.02.09ж) қаулысы және Тасқала ауданының аудандық білім бөлімі №35 (29.02.12ж) бұйрығы негізінде, 1-4 сынып оқушылары, мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілері тегін ыстық тамақпен қамтылды. Оқу жылының басында ыстық тамақты тексеру комиссиясы құрылып, жыл бойы өз жұмысын атқарды.

2017-2018 оқу жылында мектепте тегін ыстық тамақпен 225 оқушы қамтылды: әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары-64, бастауыш сынып оқушылары- 30.Жылдан жылға дайын тамақтың сапасы өсуде, бұл 1 балаға жұмсалатын қаржыдан да көруге болады, осы оқу жылында 1 балаға 320 теңге бөлінді, бұл өткен 2016-2017 оқу жылымен салыстырғанда 80 теңгеге өскені анықталды.

3-6. Оқушыларды мамандыққа баулу және еңбекпен қамту бойынша жұмыс.

2017-2018 оқу жылы 11-ші сынып оқушылары - 14 және 9 –шы сынып оқушылары – 42 аяқтады. Мектеп түлектерінің ішінде 5 оқушы мемлекеттік грант иегері болып атанды, олар: Кинаков Арман, Наурзова Бакыт, Хамидуллин Тамерлан, Ізімов Алтынбек, Ерлан Нұртілек. Өткен 2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша 4 грант иегері Хасанова Жібек, Умаров Булат, Серік Мұхтар, Сағатдинова Гульзина болса, биыл грант иегерінің саны көбейді.

3-7. Балаларды мектепалды даярлық тобына қамту

Мектепалды даярлық топтарындағы бала саны 2017-2018 оқу жылының басында 28 бала болды (өткен жылы -50 бала), жыл аяғында 28 болды.

Класс комплектісі 2, соның ішінде 1 сынып қазақ тілінде, 1 сынып орыс тілінде тәрбие алады.

Тәрбиешілері: МАД «А» тобында – Танбаева Л.А., МАД «Б» тобында – Сагинтаева М.Д.

Сынып кабинеттері, оқушылардың жеке іс-құжаттары, балалар топтарға сәйкес жинақталды.Сынып кабинеттерінің әдістемелік талапқа сай жабдықталды. Сынып журналдары, күнтізбелік жоспарлары жазылып, бекітілді. Биылғы 2017-2018 оқу жылында класс комплектісі 3, соның ішінде 2сынып қазақ тілінде, 1 сынып орыс тілінде тәрбие алады.

Тәрбиешілері: МАД «А» тобында – Танбаева Л.А., МАД «Б» тобында – Ахметкалиева Ж.Т., МАД «В» тобында – Сагинтаева М.Д.

Аталған тәрбиешілердің білімдері димпломдарына сай келеді.

3-8. Денсаулығы бойынша тіркеуде тұратын оқушылармен жұмыс

2017-2018 оқу жылында мектепте мүмкіндігі шектеулі бала саны 14 болды, бұл көрсеткіш өткен оқу жылымен салыстырғанда 27 баладан 14-ке дейін түскені анықталды. Ауру балалар санының азаю тенденциясы байқалды. 2017-2018 оқу жылында үйден жеке 4 сынып оқушысы Абдрашев Самат (жалпы мектеп бағдарламасы бойынша, диагнозы - псевдогипертрофическая миопатия Дюшена. 2017-2018 оқу жылында 6 оқушы болса, биыл 2017-2018 оқу жылында ТДО сыныбында 5 оқушы оқиды. 2 оқушы жеке үйден оқытылады Абдрашев Самат 4 сынып оқушысы, Жолдығали Аманат 2 сынып оқушысы.

IV. Педагог мамандармен жұмыс.

4-1 . Мұғалімдердің біліктілігін көтеруі және өз бетінше білімін жетілдіруі

№	Педагогтың аты, жөні	Пәні	Мерзімі	Курстың тақырыбы	Оқыған орны	№ Сертификат
1	Рамазанова Айжан Набигаллиевна	Интернат тәрбиешісі	07.09-18.09.2015	Интернат жағдайында тәрбиеленітін балалар бойында толеранттық пен рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру	« Өрлеу» БАҰОАҚ филиалы « БҚОПКБА»	№0084633
2	Куспанова Б.И.	Бастауыш сыныптарын да оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар	02.11-06.11.15	Бастауыш мектепте оқытудың тәрбиелік құрамдасын нығайту	« Өрлеу» БАҰОАҚ филиалы « БҚОПКБА»	№0128477
3	Танбаева Л.А.	Бастауыш сыныптарын да оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар	02.11-06.11.15	Бастауыш мектепте оқытудың тәрбиелік құрамдасын нығайту	« Өрлеу» БАҰОАҚ филиалы « БҚОПКБА»	№0128478
4	Кабекенова Б.К.	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	27.11.2015	Мектепалды даярлық жұмысының мектепке дейінгі мазмұнын жаңарту және ұйымдар одағын жетілдіру	«Нұр Болашақ» мектепке дейінгі ұйымдар одағы	№46911901
5	Кондудаева З.Е.	Бастауыш сынып мұғалімдері	06.12.2015	Бастауыш сыныптарда бала дамуындағы бірінгі талапқа сай әдіс- тәсілдері дамыту	Педагогика-психология орталығы	№000289
6	Буентаева Г.А.	Бастауыш сынып мұғалімдері	06.12.2015	Бастауыш сыныптарда бала дамуындағы бүгінгі талапқа сай әдіс- тәсілдері дамыту	Педагогика-психология орталығы	№000289
7	Зиналиева А.Ж.	Тәрбие жұмысы бойынша	06.12.2015	Педагогтардың және психологтардың білім беру сапасын жақсарту, заманауи білім беру үлгісін жетілдіру және жаңаландыру	Педагогика-психология орталығы	№001371
8	Усенова С.У.	қазақ тілі пәні мұғалімі	30.05-24.06.2016	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру	Педагогикалық шеберлік орталығы Орал қаласы	

				бағдарламасы		
9	Умбеталиева А.Б.	қазақ тілі пәні мұғалімі	27.06.2016	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Педагогикалық шеберлік орталығы Орал қаласы	
10	Кондудаева Ш.М.	қазақ тілі пәні мұғалімі	22.06.2016	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	«Өрлеу»	
11	Хайрамбаева Г.Б.	Орыс тілі пәні мұғалімі	03.05.-27.05.2016	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Орыс тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	«Өрлеу»	
12	Измагамбетова А.Х.	Орыс тілі пәні мұғалімі	03.05.-27.05.2016	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Орыс тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	«Өрлеу»	
13	Елесова Р.Б.	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	30.05-24.06.2016	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Ағылшын тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	«Өрлеу»	
14	Сапакова А.Б.	Бастауыш сынып мұғалімі	30.05-17.06	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Бастауыш сынып» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	«Өрлеу»	

15	Кондудаева З.Е.	Бастауыш сынып мұғалімі	30.05- 17.06	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Бастауыш сынып» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Педагогикалы қ шеберлік орталығы Орал қаласы	
16	Ахметкалиева С.Т.	Бастауыш сынып мұғалімі	30.05- 17.06	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Бастауыш сынып» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	«Өрлеу»	
17	Ахметкалиева С.Т.	Бастауыш сынып мұғалімі		Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Дене шынықтыру» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Педагогикалы қ шеберлік орталығы Орал қаласы	
18	Ашигалиева Т.Т.	Бастауыш сынып мұғалімі		Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Бастауыш сынып» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Педагогика лық шеберлік орталығы Орал қаласы	
19	Сарсенбаева М.Д.	Бастауыш сынып мұғалімі		Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Бастауыш сынып» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Педагогикалы қ шеберлік орталығы Орал қаласы	
20	Сабитова А.А.	Биология пәнінің мұғалімі		Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Биология пәні» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Педагогикалы қ шеберлік орталығы Орал қаласы	
21	Кубашева Ш.К.	Математика пәнінің мұғалімі		Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Информатика	Педагогикалы қ шеберлік орталығы Орал қаласы	

				пәні» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы		
22	Тасмагамбетов А.Д.	Физика пәнінің мұғалімі		Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Физика пәні» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Педагогикалық шеберлік орталығы Орал қаласы	
23	Сариева Ж.М.	Математика пәнінің мұғалімі	14-25 тамыз 2017 жыл	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Математика пәні» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Педагогикалық шеберлік орталығы Орал қаласы	
24	Зиргиров Д.У.	Математика пәнінің мұғалімі		Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Математика пәні» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Педагогикалық шеберлік орталығы Орал қаласы	

2017-2018 оқу жылында педагог қызметкерлері өз білімдерін теориялық, әдістемелік жағынан көтеру бойынша жұмыстанды. Мектеп мұғалімдері әдістемелік басылымдарға жазылып, интернет желісінде керек ақпаратпен жұмыстану біледі. Мектеп ұжымы арасында бірнеше әдістемелік ағарту семинарлары, кеңестер, коучингтер өткізілді.

Сонымен қатар, жыл сайын мектеп мұғалімдері 5 жылдың ішінде 1 рет өз біліктіліктерін біліктіру курстарында көтереді. Биылғы оқу жылында 9 мұғалім өз біліктіліктерін көтерді. Сонымен қатар, 2017-2018 оқу жылында АО «Назарбаев Зияткерлік Мектептер», Кембридж Университетінің педагогика факультетімен бірлесіп 3 айлық деңгейлік курстарын өткен мұғалімдер бар. I деңгей бойынша бастауышсыныппәндерінің мұғалімі Мухамедрахимова Г.Ж., орыс тілі мен орыс әдебиеті мұғалімі Утегалиева Г.К. 2 (негізгі) деңгей бойынша сертификатталды. Сондай-ақ, қазіргі таңда мектепте 12 жаңа формат бойынша жұмыстанып жүрген мұғалімдер бар. Бұл мектеп оқушыларының білім сапасының өсуіне, жаңа технологияларды енгізу үшін өте жақсы көрсеткіш болып тұр.

2017-2018 оқу жылында жаңартылған білім мазмұнына көшіне байланысты мектептің 9 мұғалім курстан өтті. Бастауыш сынып мұғалімдері: Буентаева Г.А., Куспанова Б.И., Сидагалиева Г.Д., Умиралиева А.Р., тарих пәнінің мұғалімдері: Ажғалиев Т.У., Ташмуханбетова А.В., география мен химия пәндерінің мұғалімдері: Абдрахманова К.С., Ахметова А.Н., технология пәнінің мұғалімі: Джусупкалиев А.И.

Білім жетілдіру курстардан өткен мұғалімдер

2017-2018 оқу жылында аттестациядан өтуге және өзінің біліктілік санатын бекітуге 11 мұғалім арыз берді. Соның ішінде жоғарғы санатты растауға Абдрахманова К.С. – география мұғалімі; Хайрамбаева Г.Б.- орыс тілі және әдебиеті мұғалімі; 4 мұғалім 1 санатты иеленуге: Темиргалиева А.Н. бастауыш сынып мұғалімі; Сидагалиева Г.Д. бастауыш сынып

мұғалімі; Джусупкалиев А.И. технология пәнінің мұғалімі; Дуймбаева А.С. физика пәнінің мұғалімі; 2 санатты иелену -5 мұғалім: Габбасова Б.З. қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі; Ізімова С.К. қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі; Конатаров М.К. дене шынықтыру пәні мұғалімі, Тасмағанбетов А.Д физика пәнінің мұғалімі, Сабитова А.А. химия пәнінің мұғалімі. Аттестациялау қорытындысы бойынша барлық мұғалімдер арызда берілген санаттарын иеленді. Сондай ақ, 2015-2016 оқу жылының аяғында мектептің педагог кадрлардың жоғары және бірінші санатты мұғалімдердің саны көтерілді өзгермеді, сонымен қатар санатсыз мұғалімдердің саны азаюда.

4.2. Жас мұғалімдердің білімін және біліктіліктерін дамыту.

Жас педагогтардың кәсіптік қалыптасуларын және кәсіптік дағдыларын жетілдіруде жауапкершіліктерін арттыру және бейімделушіліктерін тез қалыптастыру мақсатында жас ұстаздар мектебі құрылды. Мектеп директорының 2017 жылғы 2 қыркүйектегі № 121 бұйрығы негізінде жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалды. Мектепте еңбек өтілі 5 жылдан кем 7 ұстаз жұмыстанды: Айткалиева Б.С., Бакишева Г.Н., Габбасова Б.З., Жасқайратова Р.Д., Камидуллина А.К., Кабекенова Б.К., Кахова А.М., Сагинтаева М.Д., Ізімова С.К., Ибрашева Н.Р., Умиралиева А.Р., Образков С.В., Ахметкалиева Ж.Т., Ульданова Т.В.

Жас ұстаздарға психологиялық қолдау көрсету мақсатында мектеп психологы Шапикова Г.Б. тарапынан бірнеше рет психологиялық тренингтер өткізілді. Жыл бойы жас мұғалімдерге іс қағаздарды толтыру және жүргізу туралы кеңестер берілді. Бірақ та, соған қарамастан, жас мұғалімдер тарапынан сынып журналдарды толтыру кезінде және сабақ жоспарын құрастырғанда көп қателер жіберді. Жиі кездесетін кемшіліктер: журналды уақытында және ұқыпты толтырмау, сабақ жоспарының мақсатын нақты айқындау, жоспарды толық жазбау және оқушылардың жеке іс –қағаздарының толық болмауы. Жалпы 2017-2018 оқу жылындағы жас мамандармен өткізген жұмыс жақсы деңгейде өтті.

4.3. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің жанашылдық жұмыстары, озат іс-тәжірибелерді жинақтау, насихаттау және тарату жұмыстары

2017-2018 оқу жылында мектепте бірнеше бағыт бойынша шығармашылық топтар жұмыстанды. Соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдері «Ізденіс» тобында, математика – жаратылыс бағыттағы пән мұғалімдері «Болашақ» топта және гуманитарлық циклдегі пән мұғалімдері «Өркен» топта жыл бойы жұмыстанып, озық тәжірибені зерттеп, оқу- тәрбие үдерісіне енгізу бойынша жұмыстанды.

4.4. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің ОІТ – ін жинақтау, қолдану.

Жыл бойы мектеп мұғалімдері озық іс- тәжірибені тарату мақсатында, өз жұмыстарын аудан және облыс бойынша таратты. Мұғалімдер облыстық ғылыми- әдістемелік «Жайық ұстазы», «Ұстаз» журналдарға өз мақаларды жариялады. Олар : "Жайық ұстазы" газетінде Кондудаева З.Е "Табиғатты аялайық" тәрбие сағатына арналған сабақ жоспары, Буентаева Г.Г. Республикалық әдістемелік "Әдістеме " журналы "Дара және күрделі етістік", қазақ тілінен сабақ жоспары жарияланды, Куспанова Б.И.-ның республикалық "45 минут" газетінде "Өзіндік жұмысты ұйымдастыру жолдары" атты коучинг-сессияның жоспары жарияланды, 2015 ж

Соның ішінде BILIMDILER.KZ сайты, asyl-bilim.kz сайты, Sabaqtar.kz сайты, Ustazbol.kz сайты, халықаралық Videouroki.net сайты, Kopilkaurokov.ru, infourok.ru (Ресей) және Worldofteacher.com.халықаралық білім порталында бірнеше сабақ жоспарларын, мақалаларын жариялады. Атап кетсек, Ташенова Г.У., Утешева А.Б., Хайрамбаева Г.Б., Ашигалиева Т.Т., Сапакова А.Б., Ахметов С.Б., Мухамедрахимова Г.Ж., Насемов Н.Т., Суюнғалиева А.Ж., Буентаева Г.А., Усенова С.У., Зиналиева А.Ж., Ажғалиев Т.У. Бірақ та, мектеп мұғалімдерге облыс және аудан көлемінде таратылған жұмыстардың көбейту керек екені анық.

4.5. Педагог мамандарды аттестаттау

2017-2018 оқу жылында аттестациядан өтуге және өзінің біліктілік санатын бекітуге 16 мұғалім арыз берді. Соның ішінде жоғары санатты растауға 1 мұғалім: Абдрахманова К.С., Сараева Г.Г., жоғары санатты иелену 1 мұғалім: Хайрамбаева Г., 1 санатты иелену 4 мұғалім – Темиргалиева А.Н., Сидагалиева Г.Д., Джусупкалиев А.И., Дуймбаева А.С., 2 санатты иелену 5 мұғалім – Габбасова Б.З., Ізімова С.К., Конатаров М.К., Тасмағанбетов А.Д., Сабитова А.А.

4-6. Педагогикалық кеңес

Өткен 2017-2018 оқу жылында мектептің оқу – тәрбие жоспарына сай 9 педагогикалық кеңес өтті. Барлық педагогикалық кеңес отырыстары жоспарға сай ұйымдастырылып, өзекті мәселелер қаралды. Педагогикалық кеңесте бекітілген құрамы толығымен қатысты, кеңестердің хаттамалары талаптарға сай рәсімделді. Кеңестердің қаулысын орындау бойынша жұмыстар атқарылды.

4.7. Директор жанындағы отырыс

2017-2018 оқу жылында жоспар бойынша директор жанындағы 11 кеңес отырысы өтті. Кеңесте мектептің санитарлық –гигиеналық жағдайы, кабинеттердің құжаттану, ыстық тамақпен қамту, пәндердің берілу жағдайы, мемлекеттік мерекелерді ұйымдастыру бойынша сұрақтар қаралып, қаулы бойынша нақты шаралар алынды. 2017-2018 оқу жылында жоспарланған отырыстар толығымен өтті, алынған шаралар бойынша есептер тыңдалды.

V. Әдістемелік жұмыс.

5-1. Әдістемелік проблемамен жұмыс.

2017 – 2018 оқу жылында Ы.Алтынсарин атындағы мектеп ұжымы “Білім беруде оқытумен тәрбиелеудің педагогикалық озық технологияларын қолдана отырып, әр оқушының білім бәсекелестік қабілетін арттыра отырып, шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту” атты проблемалық тақырыпта жұмыс істеп, аталған мәселе бойынша келесі міндеттерді жүзеге асырды:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын жүзеге асыру;
2. Қазақстан Республикасының білім беру стандартына сәйкес білім беру;
3. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін ашу үшін жағдай жасау;

2017-2018 оқу жылында 8 әдістемелік бірлестік жұмыс істеді. Оқу жылының басында ӘБ жетекшілері мектеп директорының бұйрығымен келесі ӘБ жетекшілері тағайындалды (бұйрық № 87 (01.09.2017 ж.):

1. Филология ӘБ (қазақ тілі мен әдебиеті) – Утешева Р.А.
2. МИФ пәндерінің ӘБ – Кубашева Ш.К.
3. Қоғамтану пәндері және ағылшын тілі пәні ӘБ – Ажғалиев Т.У.
4. Жаратылыстану пәндерінің ӘБ – Абдрахманова К.С.
5. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ӘБ – Буентаева Г.А.
6. Эстетика пәндерінің ӘБ – Сапаров А.Г.
7. Дене шынықтыру және АӘД пәндерінің ӘБ – Кушалиев К.Н.
8. МАДТ тәрбиешілерінің ӘБ – Танбаева Л.А.

Мектептің жалпы проблемасының негізінде әдістемелік бірлестіктердің проблемасы анықталады. Жыл бойы ӘБ жұмысы мектеп директоры бекіткен жоспар бойынша жүргізілді, ӘБ отырыстарында пәндерге байланысты өзекті мәселелер қаралып, талқыланды. Сонымен қатар, ӘБ жетекшілері мектепшілік бақылауға тартылып, сабақтарға қатысып, мұғалімдердің құжаттарын, дәптерлерін жүргізу жағдайын қарап, бақылау жүргізді.

5.2. Әдістемелік кеңес

2017-2018 оқу жылында мектепте мектепшілік оқу- тәрбие жоспарына сай 4 әдістемелік кеңестің отырысы өтті. Отырыстарда мектеп ұжымы оқу- тәрбие үдерісінде кездесетін қиыншылықтарын анықтап, бірлесе шешу жолдарын анықтады.

Әдістемелік кеңес құрамында мектеп әкімшілігі, ӘБ жетекшілері, әлеуметтік педагог және педагог- психолог кірді. Кеңесте 1,5,10- сынып оқушылардың бейімделуі, сабақтарға қатысу деңгейі, дарынды оқушылармен және үлгерімі төмен оқушылармен істелінген жұмыстары талқыланып, шешімдер қабылданды. Мектеп ұжымы әдістемелік кеңес жұмыстарына белсенді қатысып, оқу- тәрбие үдерісін жақсарту бойынша ат салысты.

5.3. Ресурс орталығының жұмысы.

Тасқала ауданының әкімдігінің қауылы (№267, 12.09.2013 ж.) және Тасқала білім бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп» мемлекеттік мекемесінен ресурстық орталық ашу туралы» бұйрығы (№284 24.09.2013 ж.) негізінде 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап мектеп ресурс орталығының жұмысын ұйымдастырды. РО ауданның 3 магниттік мектебі тартылды - Кузнецов НМ, Крутой НМ және Родник НМ.

Ресурс орталықтың мақсаты - жалпыға бірдей білім алатын оқушылардың білім деңгейін арттыру, қосымша білім беру, ғылыми техниканың жаңа мүмкіндіктерін ашу.

Жыл бойы ресурстық орталығында 3 сессия ұйымдастырылды. Сессия жұмысына магниттік мектептердің (Крутой НМ, Кузнецов НМ, Родник НМ) 18 оқушысы қамтылды.

РО сессиясының мақсаты - педагогикалық – психологиялық қолдау көрсету арқылы оқушыларға бейіндік бағдар беру, қосымша білім беру арқылы оқушылардың білімділік және біліктілік дағдыларын жетілдіру, білімдерін қорытындылау.

Міндеттері:

- білім стандартын орындау;
- Отан сүйгіштікке баулу;
- оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу;
- оқушыларға психологиялық қолдау көрсету;

Аталған мақсатты орындау үшін мектеп тарапынан барлық жағдай жасалынды. Мектеп директоры Э.Дакишеваның ұйымдастыруымен магниттік мектеп оқушылары 4 мезгілдік ыстық тамақпен қамтылып, мектеп жанындағы интернатқа орналастырылды.

РО жұмыс жоспары құрылып, жоспарға сай мазмұнды шаралар ұйымдастырылып, магниттік мектеп оқушыларына өз білімдерін толықтыруға барлық мүмкіндік жасалды. Сессия кезінде мектептің материалдық – техникалық базасы толық пайдаланылды.

1-ші және 3-ші сессиялар мектеп мұғалімдері күшімен өткізілсе, 2-ші (оқу сессиясы) ерекшелігі аудандық деңгейлік курстан өткен магниттік мектептерден келген оқушылардың білімдерін қорытындылау мақсатында негізгі пәндер бойынша (қазақ тілі қазақ сыныбында, орыс тілі орыс сыныбында, математика, физика, химия, биология пәндерінен) бастапқы және қорытынды тестілеу жұмыстары өткізілді. Ресурстық орталықтың жұмысы қанағаттанарлық деп санауға болады, жоспарлаған шаралар толығымен орындалып, жүзеге асырылды.

ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасын жүзеге асыру аясындағы мектептің 2017-2018 жылдарға арналған тәрбие жұмысының есебі

I. 2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Мектептегі тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының кешенді - мақсатты бағдарламасын басшылыққа ала отырып ұйымдастырылуда. Мектептің жалпы жылдық жоспарын басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысының жоспары құрылды. **Жүргізілетін негізгі тәрбие бағыттары:** *азаматтық-патриоттық, құқықтық және көпмәдениеттік тәрбиесі, рухани-адамгершілік тәрбиесі, отбасы тәрбиесі, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту тәрбиесі, әлеуметтік мәнді және жеке қасиеттерді қалыптастыру тәрбиесі,*

коммуникативті мәдениетті қалыптастыру тәрбиесі, экологиялық тәрбие, эстетикалық тәрбие, дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру тәрбиесі, еңбек және экономикалық тәрбие, кәсіби-шығармашылық тәрбие, интеллектуалды мәдениетті дамыту тәрбиесі, АҚТҚ/ЖҚТБ –ны болдырмау және алдын алу бағытындағы тәрбие, құқықбұзушылықты болдырмау және алдын алу бағытындағы тәрбие, нашақорлықтың алдын алу бойынша тәрбие, жол-көлік оқиғаларының алдын алу тәрбиесі, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес бағытындағы тәрбие, жұқпалы аурулардың алдын алу бағытындағы тәрбие, оқушылар өмірінің қауіпсіздігін алдын алу бағытындағы тәрбие жұмыстары қамтылған.

Тәрбие жұмысының мазмұны, түрлері мен әдістері:

Тәрбиенің мазмұны:

Білім берудің жаңа моделіне өту жағдайында және тәрбиенің білім беру үдерісіндегі рөлінің өсуіне байланысты тәрбие мазмұнын қайта бағдарлау даму заңдылығы болып табылады. Қазір білім беру үдерісінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие үдерісінің өзегі болып отыр.

Тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттері арқылы анықталады және ол қоғамдық дамудың бағыты мен мазмұнына заңды тұрғыда тәуелді болады. Сонымен бірге, тәрбиеге әлеуметтік-рөлдік көзқарас тұрғысында адам көптеген әлеуметтік жүйенің компоненті болып саналады: отбасы, ұжым, кәсіби топ, этнос, қоғам және т.б. Сондықтан, тәрбие мазмұны құндылық қарым-қатынас жүйесімен: өзіне, өзінің отбасына, мектепке, қоршаған ортаға, Отанына, Жер әлеміне, сондай-ақ, әлеуметтік рөл жүйесімен де сәйкестенеді: адам, дос, ұл (қыз), құқық қорғаушы, аға (қарындас) патриот, немере (немере қыз), азамат, туыс, қорғаушы, оқушы, ұлттық мәдениетті қорғаушы және жасаушы, ұжым, топ мүшесі, көш басшы, еңбекші, иегер, әлем азаматы, қалалық (ауылдық), бейбітшілік орнықтырушы, көрші, эколог, бірлестіктің, топтың, этнос мүшесі.

Мектептегі тәрбие беру жұмысының тақырыбы:

«Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл, рухани тұлға қалыптастыру» .

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас мәдениеті, ақпараттық мәдениеті, зерттей білетін дағдылары, іс-әрекет жасай білу, интеллектуалдық жұмыс істей білу мәдениеті дамыған тұлға тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- ✓ денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- ✓ балаларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- ✓ өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;
- ✓ мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау;
- ✓ жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, өзін-өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын, әлеуметтенуін барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру;

- ✓ қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыру;
- ✓ қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу;
- ✓ балалардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;
- ✓ отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру.

Биылғы оқу жылында алға қойылған мақсат:

- ✓ Тәрбие тұжырымдамасының бағыттары бойынша ашық тәрбие сағаттарын өткізу, әдістемелік құралдар дайындау, өзара іс-тәжірибе алмасу.

Тәрбие жұмысы жөнінде кеңестерде қаралған мәселелер:

Кіші педагогикалық кеңесте «Жалпыға бірдей міндетті Білім Заңы аясында аз қамтылған отбасылар мәселелері және шешу жолдары.», «Ыстық тамақпен қамту», ұжымдық кеңесте «Мектеп жанындағы асхана жұмысының ұйымдастырылуы.», «Мектепке жол» акциясының орындалуы, мектеп директоры орынбасары жанындағы кеңесте «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастырылуы: мәселелер мен шешу жолдары», «Сынып журналдарын жүргізілу ережелерінің сақталуы», «Жолда жүру ережелері сабақтарының берілуі», әдістемелік кеңесте «Тәрбие жұмысының тұжырымдамасы бойынша жүргізілген жұмыстар», сәуір айында әдістемелік кеңесте «Оқушылардың қызығушылығы бойынша ұйымдастырылған үйірмелердің оқытылуы» қаралды.

Алдын алу кеңесінде қаралған мәселелер:

- ✓ Ы.Алтынсарин ЖОББ мектебінде кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасалынды. Алдын алу кеңесінің отырысында «Балалар түнгі қалада» акциясы аясында өткізілген іс-шаралар талқыланды және білім алушылардың сабаққа қатысымы туралы мәселелер қаралды. Алдын алу кеңесінің кезекті отырысында «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» ұранымен 2018 жылдың 1-17 қарашасында жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілді. Кеңесте акция аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар, жалпы мектепішілік тәртіп мәселесі қаралды. Яғни сабақтан қалатын, сабақтан кешігетін білім алушылардың есімдері анықталып, сол білім алушылармен жұмыс жүргізу туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, «Балалардың денсаулығы өз қолымызда» темекі шегу, ішімдік, токсикамандық және есірткіге қарсы алдын алу жұмыстары- бойынша медбике А.Юсупованың есебі тыңдалды.
- ✓ Қаңтар айында алдын алу кеңесінің кезекті отырысы болып, онда бір мәселе талқыланды. Яғни себепсіз сабақтан қалатын білім алушылардың ата-аналарымен жұмыс. Мәселе бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтылып, әлеуметтік педагог Б.Габбасова ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттеріне тоқталды. Кеңес отырысында сабақтан жиі

қалатын білім алушыларды дер кезінде анықтап, ата-аналарымен жұмыс жүргізу туралы шешім қабылданды.

- ✓ «Мектеп ережесін бұзған білім алушылармен жұмыс» тақырыбында алдын алу кеңесінің отырысы болып, тәртіп сақшылары жалпы мектептегі білім алушылардың тәртібіне тоқталды. Соның ішінде кейбір сабақтан кешігу, үзіліс кезінде жүгіру сияқты мектеп ережесін бұзған білім алушыларды атап, жүргізген жұмыстарға тоқталды.
- ✓ «Ата-аналардың құқықтық сауаттылығы» тақырыбында семинар өткізіліп, «Кішкентай білім алушыларды зиянды әдеттерден сақтандыру» тақырыбында ата-аналарға кеңестер берілді.
- ✓ Құқық клубының жетекшісі Ахметов С.Б. «Құқықбұзушылықтың қоғамда алатын орны» тақырыбында жоғары сынып білім алушыларына баяндама оқып, талқылады.
- ✓ Наурыз айында өткізілген алдын алу кеңесінің отырысында «Тұлғаны ізгіліктендірудегі отбасының міндеті» туралы, білім алушылардың көктемгі каникул кезінде бос уақытын ұйымдастыру туралы мәселелер талқыланды. Ата-аналарға арналған сауалнамалар жүргізу керектігі айтылды.
- ✓ «Мамандық таңдаудағы балалардың қызығушылығының қалыптастыруына отбасының рөлі» тақырыбында алдын алу кеңесінің отырысы болып өтті. Отырыста білім алушылардың жұмыспен қамтылуы туралы айтылып, осы орайда отбасылармен жұмыс жүргізу мәселесі қаралды.
- ✓ Мамыр айында өткізілген кеңестің отырысында «Білім алушылардың жазғы демалыс-сауықтыру лагерлерін ұйымдастыру», кеңестің жұмысын қорытындылау мәселелері қаралып, талқыланды. Келесі оқу жылына жұмыс жоспары құрылды.

✓ **Сынып жетекшілер кеңесінде қаралған мәселелер:**

- ✓ Қыркүйек айында бірлестіктің семинар отырысы болып өтті. Бұл отырыста сынып жетекшілер 2017-2018 оқу жылы бойынша мектептің тәрбие жұмысымен, сынып жетекші жұмысының мазмұны, сынып жетекшісінің портфолиосымен таныстырылды. Сонымен қатар ашық тәрбие сағаттарын өткізу кестесін толтырылды. Қазан айында «Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу» мәселелері талқыланды. Қараша айында «Жасөспірімдер мінез-құлқындағы ауытқушылықтарды түзету проблемалары: құқықтық, педагогикалық және психикалық аспектілер» тақырыбында семинар отырысы болып өтті. Желтоқсан айында өткен бірлестік отырысында «Білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдары» тақырыбында баяндама оқылды. «Тәрбие жұмыстарының тиімділігі арттырудағы ата-аналар жиналысының рөлі» тақырыбында семинар болып, онда «Мониторинг және бағалау», «Қайырымдылық» қамқорлық акциясы туралы айтылып талқыланды. «Білім алушылардың кәсіптік бағдарлануы», «Білім беру ұйымдарында азаматтықты қалыптастыру және құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында семинар, «Сынып ұжымымен жүргізілетін тәрбие жұмысын талдау схемасы», «2018-19 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспарын бекіту» мәселелер қаралап талқыланды.

✓ **Ата-аналар комитеті отырысында тәрбие жұмысының мәселелерін қарау:**

- ✓ 25 желтоқсан күні «Үлгілі отбасы – мәңгілік елдің тірегі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. (№1 хаттама, 25.12.17ж). Жиналысқа барлығы -110 ата-ана қатысты. Күн тәртібі бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Умбеталиева А.Б. «Отбасы мен мектептің әріптестігі-тұлғаның табысты әлеуметтенуінің кепілі» тақырыбында баяндама жасаса, өткен оқу жылы бойынша дарын балалармен жұмыстың нәтижесі бойынша Дуимбаева А.С. таныстырды. Жаңа оқу жылы бойынша қосымша оқыту бағдарламасымен директордың оқу-тәрбие ісі жұмысы жөніндегі орынбасары Мухамедрахимова Г.Ж. және Зиргиров Д.У. таныстырды. Мектеп директоры Э.Дакишева мектеп білім алушыларын ыстық тамақпен қамту мәселесі туралы айтып, мектеп ережесімен, жаңа нормативтік құжаттармен таныстырды. Соңғы мәселе бойынша мектепшілік ата-аналар кеңесінің төрайымы болып Камелешова Н.А. қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Мусенов Н.Д. көпшіліктің дауыс беруімен сайланды.

- ✓ Қазан айында «Ата-аналар және мұғалім: ынтымақтасып жұмыс жүргізуді үйренеміз» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті, қатысқан ата-ана саны-22. (№2 хаттама, 24.10.2017ж) Дөңгелек үстел басында мектептің отбасымен өзара қарым-қатынасы ата-ана беделіне құрмет көрсету, отбасының рухани кемелдене түсуіне көмектесу, үй-ішінің балаларға оңды ықпал жасауына жәрдем беру негізінде құрылуы тиістігі айтылды. Сынып жетекшілер «Нағыз ата-ана кодексі», «Ата-аналарға арналған тоғыз өсиетпен» таныс болып, өзара пікір алысты.
- ✓ Желтоқсан айында 11 сынып жетекшісі Измагамбетова А.Х. «Діни қауіпсіздікті нығайтуға байланысты мектептің отбасымен жұмыс жүйесін қалыптастыру бойынша» ата-аналармен отырыс жасап, ұсыныстар жасады. 11 оқушы, 8 ата-ана қатысты.
- ✓ 1-30 қаңтар айында «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы болып өтті. Осы айда дінтану пәні мұғалімі Ажғалиев Т.У. ата-аналарға «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын ұйымдастыру» тақырыбында ұсыныстар берді.
- ✓ Ақпан айында ата-аналармен «Ата-аналардың құқықтық сауаттылығы» тақырыбында семинар өткізіліп, «Кішкентай білім алушыларды зиянды әдеттерден сақтандыру» кеңестер берілді.
- ✓ Наурыз айында балалардың адамгершілік тәрбиесі жөнінде ата-аналарға арналған жадынамалар таратылды.
- ✓ Сәуір айында мектеп психологы «Өзара түсіністік негізі неде?» тақырыбында тренинг, әлеуметтік педагог «Балалар тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында аз қамтылған отбасыларымен отырыс өткізді. Сонымен қатар «Көктемгі ізеттілік» акциясы аясында аз қамтылған отбасыларына көмектер берілді.
- ✓ 15 мамыр күні «Білімді ұлт – сапалы оқыту мен отбасы құндылығы» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы болып, жылдық қорытынды жұмыстар, «Балаларды жазғы демалысқа жіберудің жағдайларын қарастыру», «Балалар қауіпсіздігін қадағалау», «Рухани жаңғыру – ұлттың жаңғыруы» сияқты мәселелер талқыланды. Қатысқан ата-аналар саны-98. (№3 хаттама, 15.05.2018ж)

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие:

Мақсаты: Ар - ождан мол, мәдениетті парасатты қалыптастырып, оқушының бойында туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттыру. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жас полиция, жас инспектор, наркобекет ұйымымен бірге отырып, оқушылар арасында шаралар өткізу.

Міндеттері:

- Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін, өз елі мен халқының салт-дәстүрлерін, саяси тарихын білуге, өзінің саяси және құқықтық сауатын арттыруға деген құлшынысын күшейту;

- Халықаралық жағдайды, Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірі мәселелеріне талдау жасай білу қабілетін қалыптастыру.

2017 жылы 02 қыркүйек күні «Мен өз Отанымның патриотымын» тақырыбында тәрбие сағаттарын 1-11 сынып жетекшілері жоспарға сай өткізіліп, әзірлемелері тапсырылды.

Сонымен қоса, сынып жетекшілері құқықбұзушылық тақырыбындағы әңгіме, лекцияларды енгізген: «Менің құқықтарым мен міндеттерім», «Біз өз құқығымызды білеміз бе?», «Өз құқықтарыңның қорғалуы», «Құқық және біз», «Құқықбұзушылықтың алдын-алу шаралары» тақырыптарына сынып сағаттарын өткізді.

15-27 қазан күндері мектеп бойынша аудандық білім беру бөлімінің жоспарына сәйкес құқықтық білім беру онкүндігі өткізілді. Онкүндік барысында «Жасөспірім арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» баяндаманы АІБ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы Оқасова М.А. жүргізді, осы шараға мұғалімдер және мектеп психологы қатысты. «Құқықтық Қазақстан» кітапханада ақпараттық бұрышы орнатылды. «Құқық және біз» сауалнама жүргізілді. Онкүндік жұмысына сынып жетекшілері, АІБ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы Оқасова М.А., әлеуметтік педагог А.В.Ташмухамбетова, мектеп психологы Г.Б.Шапикова, мектеп кітапханашысы Г.А.Ерниязова, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Умбеталиеваның басшылығымен іс-шараларға тартылды. Мектеп бойынша үйірмелер мен спорт секциялары жұмыс істейді, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жолы басты болып қойылған.

Ата-аналар жиналысы сыныптар бойынша әр тоқсан және жалпы мектеп бойынша 15 мамыр күні өткізілді. Қатысқан ата-ана саны-98. Оқушылардың сабақты себепсіз жібермеуі, сабаққа кешікпеуі, сабақтан себепсіз кетіп қалмауы туралы ата-аналарды таныстырып, ескертіп отырылады. ҚР Әкімшілік Кодексінің «Ата-аналар немесе олардың орнындағы тұлғалардың бала тәрбиелеудегі міндеттерін орындамау» бойынша жауапкершілікке тартылуы туралы ескертіліп, айтылып отырады. Осы атқарылған іс-шараларға байланысты мектепте себепсіз сабақ қалдырып отырған оқушылар жоқ. Тәртіп пен құқық бұзушылық бағытындағы жұмыстардың нәтижесі жақсы қорытындысын беруде, өрескел тәртіп бұзған оқушылар болған жоқ. 2017-18 оқу жылында АІБ есебінде қойылған оқушылар жоқ.

Қазан айында «XX ғасырдың 30-40-шы жылдарындағы жаппай саяси қуғын-сүргіннің басталғанына 80 жыл» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында бейнефильм көрсетіліп, жаңа заманмен салыстыру бағытында диспут ұйымдастырылды. Сонымен қоса қазан айында Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында көптеген тәрбиелік шаралар тиімді өткізілді.

1-10 қараша күндері «Қазақстан Халқы Ассамблеясына 23 жыл» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Сонымен қатар 1-10 қараша күндері «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында жоспарға сай онкүндік өткізіліп, көптеген іс-шаралар тиімді өздырылды.

06 қараша күні «Менің құқықтарым – менің міндеттерім», «Құқыққа қарсы әрекеттер үшін жауапкершілік», «Құқықбұзушылықтар мен заңды жауапкершілік» тақырыбында тәрбие сағаттар 1-11 сыныптар арасында ұйымдастырылды. «Еңбек құқығы және кәмелетке толмағандар» тақырыбында 7-11 сыныптар арасында сұхбат оздырылды.

1-желтоқсан ҚР тұңғыш президенті күніне орай «Елімнің тұңғыш президенті», «Елін сүйген Елбасы», «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт көшбасшысы» тақырыбында сынып сағаттары мазмұнды да мағыналы өтті. Сонымен қатар, «Тәуелсіздік - тірегім» салтанатты жиын және концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. 1-11 сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Қазан, желтоқсан, сәуір айларында «Сабақ», «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар» және «Қадағалау» жедел алдын-алу рейдтік іс-шаралар өткізілді. ҚР БҒ министрлігі балалар құқықтарын қорғау комитетінің 2009 жылғы 9 ақпандағы № 12-2-02/428 хатын орындау мақсатында әр тоқсанда ауыл аумағында «Түнгі қаладағы балалар» жедел алдын алу шарасы жүйелі түрде өткізіледі.

Іс-шараның мақсаты - қаңғыбастыққа құқыққа қайшы әрекеттер жасауға бейім кәмелетке толмағандарды уақытында анықтау, түнгі уақытта жасөспірімдердің заңды өкілдерінсіз жүруіне жол бермеу, балалар еңбегін қанаудың алдын алу, *алкоголь өнімдерін пайдаланып, өз міндетін орындамайтын ата- аналарды анықтау.*

Рейдтер барысында ауылдағы мәдениет үйі, кафе, фермер шаруашылықтары, вокзал, *жастар көп жиналатын жерлер, тұрмысы нашар отбасылар тексеріледі.*

2017 ж. ІІ тоқсанында 09.04, 16.04, 14.05, 21.05, 04.06, 11.06, 25-26 маусым күндері ауыл бойынша рейдтер өткізілді. Рейдке ауданымыздың учаскелік инспекторы Ниталиев Ж.У. «Жас Ұлан» жас полиция тобының мүшелері (5 оқушы), мектеп әкімшілігі (3), әлеуметтік педагог Б.Габбасова, мектеп тәлімгері Вахитова Г.Д., құқық бұзушылықты алдын алу кеңесінің мүшелері (6 адам), 8-10 сынып жетекшілері, мектеп медбикесі Искалиева Г.А. қатысты.

Рейд барысында «Луч» ЖШС, «ИП Жамансариев», «Өсімтал» егістік жерлерде фермерлік шаруашылықтарында балалардың еріксіз еңбекті пайдалануы, 22.00 ден кейін беймезгіл уақытта себепсіз және ауылдың тыныштықтығын бұзып жүрген оқушылар анықталған жоқ.

Мектепшілік сәтсіз отбасылар есебінде тұрған Круглова О.А. 09.04, 14.05, 11.06 күндері үйіне барылды. О.А.Круглова ішімдікке бейім, баласы Круглов А. Аудандық кәсіптік колледжінің 1-курс студенті, қызы Любченко А. 7 сыныптың оқушысы және 5 жасар Круглов С. атты ұлы бар. Барған күндері О.А.Круглова үйінде болды, ішімдік ішпеген. Ата-анамен жеке әңгіме жүргізілді.

Рейдтер бойынша анықтама жазылды, құқық бұзушылық кеңес отырысында қаралды (22.05.2018 ж, хаттама №7).

Ақпан айында «Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында» тақырыбында айлық ұйымдастырылып, оқушылар мен ата-аналарға түрлі іс-шаралар жоспарға сай оздырылды. Сонымен қатар, 5-9 сынып оқушыларының арасында «Жас полиция» байқауы өткізіліп, үздік деп танылған сынып аудандық байқауда мектеп намысын қорғады.

11 сәуір күні «Отан қорғаушылар» әскери-спорттық сайысы 9-11 сынып оқушыларына ұйымдастырылды. Қатысқан оқушы саны-25.

11-16 қаңтар күндері Ұлы Жеңістің 73 жылдығына орай 8-9 сынып оқушыларына «Ер есімі-ел есінде» атты тәрбие сағаттары, 21 қаңтар күні «Никто не забыт, ничто не забыто» блиц-турнирі, 29 қаңтар күні «Желбіре, жеңіс жалауы!» мәнерлеп оқу байқауы, 5 ақпан күні «Қазақстан- ортақ үйіміз» достық фестивалі өтті.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 9 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының нышандары – Ту, Елтаңба және Гимн. Нышандары ресми қолданылуы және суреттеу Конституциясы заңымен бекітілді. “ҚР азаматтары, сонымен бірге Қазақстан Республикасының аймағының тұрғындары Мемлекеттік туды, мемлекеттік елтаңбаны құрметтеуге міндетті.” (Қ.Р. Президентінің 2007 ж. 4 маусымдағы №258 Конституциялық заңы “ бойынша). Мемлекеттік нышандарды қабылдаудың тарихи мәні зор.

Әр дүйсенбі күні 1 сабақ басталар алдында бүкіл мектеп оқушылары мемлекеттік Гимнді орындайды. тарих, АӘД кабинетінде мемлекеттік рәміздер бұрышы бар.

Салтанатты жиындар мемлекеттік Гимнмен басталады және Мемлекеттік Ту кіргізіледі немесе көтеріледі. Мектептің екінші қабатында көрнекті жерінде оқушылардың назарында Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Гимннің мәтіні орналасқан.

Мектепте патриоттық пен азаматтықты тәрбиелеу мәселесіне, ҚР мемлекеттік нышандарының тарихына көп көңіл бөлінеді. Жазғы уақытта „Күншуақ“, „Жігер“, „Олимп“, „Сенім“, «Экос», «Жас Ұлан», «Полиглот» лагерьлерінде 4 маусым күні – Мемлекеттік нышандар күні дәстүр ретінде Гимн айтылады әрі оқушылар арасында нышандарының “мағынасы қандай, авторлары кім” туралы әңгіме өтеді. «Күншуақ», «Сенім», «Жас Ұлан», «Жігер», «Экос», «Полиглот» лагерлерінің тәрбиеленушілері үшін 4 маусым күні салтанатты лездеме өткізілді. Лездемеге 85 оқушы қатысты. Салтанатты лездеме мемлекеттік Гимн орындалуымен және мемлекеттік Туды көтерумен басталды. Мектеп директоры Э.М.Дакишева оқушыларды мерекелерімен құттықтап, жазғы демалыстарын көңілді де маңызды өткізуге тілегін білдірді. Жүргізушілер Елтаңба, Ту, Гимн туралы мәлімет

дайындап, слайд түрінде көрсетіп, «Сен білесің бе? » атты танымдық викториналық ойымен жалғасты.

4-7 маусым аралығында «Күншуақ» және «Сенім» лагерлерінде тәрбиешілердің ұйымдастыруымен «Кең байтақ – Қазақстан елі!» атты суреттер байқауы өтіп, үздік суретшілер анықталып, сыйлықтармен марапатталды.

Мектеп кітапханашысы С.К.Ізімова мектеп кітапханасында «Мемлекеттік рәміздер» бұрышымен «Күншуақ» лагерінің «Балдаурен» және «Арай» топтарына таныстырды. Лагерь тәрбиеленушілері «Елтаңба әлемге танымды» атты саяхат – сабаққа қатысып, оқушылар мемлекеттік рәміздер бойынша білімдерін тиянақтады.

5 маусым күні «Күншуақ» және «Сенім» лагерлерінде «Рәміздер – мақтанышым!» атты шағын әдеби – музыкалық композициясы өтті. Оқушылар ҚР рәміздерін мақтан тұтып, әртүрлі жырлар мен өлеңдер оқыды. Сонымен қоса дойбы, шахмат ойын түрлерінен жарыс ұйымдастырылып, бастауыш сынып оқушылары өз шеберліктерімен көзге түсті. Мемлекеттік рәміздер күнін қорытындылау үшін «Рәміздерім - мақтанышым» атты сурет көрмесі ұйымдастырылып, мектеп фойесінде орналастырылды. «Ел жүрегі - Астана» тақырыбында лагерь демалушылары арасында астанамыздың 20-жылдығына арналған суреттер байқауы, викториналар, слайд-шой, бейнероликтер, веложорық ұйымдастырылды.

Әрбір оқушының бойына Қазақстан Республикасының нышандарына құрметпен қарау, сол арқылы еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншілікті туғызу, өз ұлтының тарихын, әдебиетін, мәдениетін білуге қызығушылығын ояту, өз жерінің мұраларын сақтау сияқты қасиеттеріне тәрбиелеуге – біз міндеттіміз.

Ұсыныстар:

1. Бастауыш сынып буындарының жұмысын күшейту;
2. Жоғары буын, яғни 10-11 сынып оқушыларымен патриоттық насихаттау жұмыстарын жалғастыру;
3. Құқықтық және көпмәдениеттілік тәрбиесіне баса назар аудару.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңының 8 бабы, 5 тармағына сәйкес

2.Рухани-адамгершілік тәрбиесі:

Мақсаты: Рухани ойлау дәрежесі биік, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білетін ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

- қарым - қатынас мәдениетін, күнделікті тұрмысты ұйымдастыра білу және адамгершілік мінез - құлық әдеттері мен дағдыларын қалыптастыру;
- жалпыға ортақ мораль нормаларын сақтауға ұмтылысын қалыптастыру;
- адамгершілікке жат мінез - құлыққа рухани жағынан белсенді түрде қарсы тұру қабілетін қалыптастыру.

Жылдан жылға оқушылардың рухани –адамгершілік тәрбиесі өсіп келеді.Алдыңғы жылдармен салыстырғанда соңғы жылдары оқушылардың адамгершілік құндылықтары жоғарлағаны байқалады. Осыған орай кешенді бағдарламаның ықпалы зор деп білем. «Қоғамға қызмет ету» бағдарламасы бойынша 1-4, 5-10 сынып оқушылары өзін- өзі басқару ұйымына кірді. Бағдарламаның басты мақсаты:

1. Қоғамда өз орын табатын тұлғаны тәрбиелеу
2. Адамдардың жалпы құндылықтарын түсінетін тұлғаны тәрбиелеу
3. Қоғамда белсенді өмір сүре алатын адамды тәрбиелеу

Бағдарламаның үш маңызды концепциясы бойынша жұмысын құрады: холестикалық білім беру, мәдени түсінік, қарым –қатынас.

Қоғам жеке оқушының өзіне немесе әрекетіне емес топ болып бірігіп, пайдалы іс тындыруына бағытталған ұйым. Мектебімізде 5-6 сынып оқушылары аралығында 17 қазан күні «Мен қоғамның азаматымын», «Біз қалай өмір сүреміз?» 9-10 сынып оқушыларына 14 қараша күні, «Басқаларға қалай көмектесеміз?» 11 сынып оқушыларына 05 желтоқсан күні тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттары барысында қоғамға байланысты сұрақтарды негізге ала отырып оқушылар өз ойларын ортаға салды.

Жалпыны оқумен қамту жұмыстарында Елбасының мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамту «Мектепке жол» акциясын орындау бағытында жұмыстар жүргізіліп, мектеп жасындағы балалар түгелдей оқуға тартылды.

Кезекті шаралардың бірі мейірбандық күндері өткізіліп, 0-18 жас аралығындағы балалар, қамқорлыққа алынған балалар, аз қамтылған жанұя балалары, көп балалы отбасы, денсаулығына байланысты үйден оқитын балалар, мектепке дейінгі балалар анықталды.

2017-2018 оқу жылында аз қамтылған жанұя, көпбалалы отбасы, қамқорлыққа алынған балалар жанұясы 47 болды. Аз қамтылған, қолайсыз жанұялардың тұрмыс – тұрағын зерттеген актілері бар.

Мектеп бойынша қамқорлыққа алынған балалар саны:
2017-2018 оқу жылында – 2 бала.

Олар - Болдарева Светлана, Нигметов Әлімжан мектепте оқуларын жалғастыруда.

Оқушылардың жанұя жағдайлары жылға 2 рет тексеріліп, мектептің қоғамдық жұмыстарына, үйірмелерге тартылып, мейірімділік айлықтарында материалдық көмек көрсетіледі, оқулықпен қамтылды. Көптеген жылдар бойы дәстүрге айналған Жаппай білім беру қорынан ақша бөлініп аз қамтылған отбасы балаларын киім-кешекпен, оқу құралдарымен қамтимыз. Сынып жетекшілер тізім бергенде оқушылардың аз қамтылған отбасы екенін анықтайтын қағазын, арыз және керек киімнің тізімін, оқушының аты -жөнін, киім өлшемін жазып тапсырады. Болдарева Светлана, Нигметов Әлімжан сияқты оқушылар көмек алушылар тізімнен қалған емес. Сонымен қатар, жаз мезгілінде Италия қ., Астана қ., Самара қ., Орал қ. экскурсияларға жылда осы оқушылар барады.

Мектепте бірнеше жылдан бері ыстық тамақ ұйымдастырылған. Аз қамтылған жанұя балалары 100 % ыстық тамақпен қамтылды. 1-4 сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылған. Халықты жұмыспен қамту орнынан алынған анықтама қағазы негізінде, ата-анасының арызы және аз қамтылған отбасы екені туралы растау қағазы құжаттарының болуы негізінде тамақтанады. Жалпы тамақтанатын оқушы саны-248 (70 %), соның ішінде аз қамтылған, көпбалалы отбасыдан және қамқорлыққа алынған – 67 бала, 1-4 сынып оқушылары- 182 оқушы бар.

Сонымен қоса дәстүрге айналған «Мектепке жол» акциясын өткізу барысында мектеп мұғалімдері көше аралап балалардың санағын алып, тұрмыс жағдайларын зерттеп, түнгі уақытта бірнеше рет көңіл көтеру орындарын тексерді. Сабақ жіберуге бейім, қараусыз және қадағалаусыз қалған балалар рейд бойынша анықталған жоқ. Тұрмыс жағдайы төмен отбасы саны 36 болып анықталды, соның ішінде сәтсіз отбасылар саны -3. Сәтсіз жанұялар: Кужаковтар, Насырова К, Кругловтар.

Көптеген жылдар бойы осы акция кезінде кейбір жеке кәсіпкерлер өз үлестерін қосып мектеп балаларына көмек көрсетуде.

Акция туралы жеке кәсіпкерлерге, шаруашылық басшыларына аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету және акцияға қатысу үндеу-хаттар жіберілді. Осы хат негізінде, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына жалпы - 420 000 теңге көлемінде көмек көрсетілді.

Ауданның үлкен мекемелері: Таскала аудандық ішкі саясат бөлімінен – 5000 тг., «Берекет» – 20000 тг., Кушалиев К.Н. – 5 000 тг., Жакупова Г. – 5 000 тг., «Үміт» кәсіподақ ұйымы -20000 тг, аудандық ОКЖ -6000 тг, «Руханият» қоғамдық бірлестігі – 30000, аудандық ІІБ – 7000, Валиева Г.-5000, Айтмукашева А.А. - 3000 көлемінде аз қамтылған, көпбалалы отбасы мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарына жататын мектебіміздің 15 оқушысына көмектерін ұсынды. Көмектің жалпы сомасы - 106, 000 теңге.

Педагогикалық ұжымынан, ата-аналар атынан біздің демеушілерімізге алғысымызды білдіреміз. Жоғарыда аталған демеушілер «Мектепке жол» акциясына белсенді қатысып, өздерінің азаматтық борыштарын ақтап, шынайы қамқорлық танытты. Мектебіміздің фейсбук парақшасында «Жақсылық жасауға асығайық» тақырыбында мақала жарық көрді.

Мектеп фойесінде «Мектепке жол» акциясына арналған бұрыш орнатылды.

«Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің» жұмысын жоғары бағалауға болады. Осы бірлестіктің мұғалімдері 2017 жылдың 22 қыркүйек тілдер мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарын құрып, мектеп директорының қолымен бекітіп, жоспарға сай тәрбиелік маңызы зор жоғары деңгейде атап өтеді. Атап кетсем, тілдер күніне арналған «Ана тілім – алтын тамырым» атты айлық өткізіледі, сынып жетекшілер сыныптарында «Ана тілім -айбыным» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді. 19-23 қыркүйек күндері 1-11 сынып оқушыларына арналып «Тіл көңілдің тілмашы» тақырыбында кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. 1-4 сыныптарда 26 қыркүйек күні «Тілім менің-мәртебем», қатысқан оқушы саны- 14, 5-11 сыныптарда «Өлең кернеп барады жүрегімді» атты үш тілде мәнерлеп оқу байқауы 27 қыркүйек күні өтті, қамтылған оқушы саны-21. 3-7 сынып оқушыларының арасында бейнелеу пәнінің мұғалімі А.Г.Сапаровтың жетекшілігімен «Таскала- туған өлкем!» тақырыбында суреттер көрмесі 26-30 қыркүйек күндері ұйымдастырылды. Мұғалімдер арасында «Полиглот» сайысы да жоғары дәрежеде өтті, қатысқандар саны -9. 5-11 сынып оқушыларына «Тіл елдіктің-айнасы» тақырыбында 24 қыркүйек күні ән байқауы өткізілді, қатысқан оқушы саны- 26, 7-8 сыныптарда 26 қыркүйек күні «Тілге құрмет-елге құрмет» интеллектуалды сайысы және 8 сыныптарда 28 қыркүйек күні «Үш тілдің білгірі» полиглот сайысы жоғары дәрежеде өтті.

Дәстүрлі мейрамға айналған 1 қазан «Қариялар күніне» арналып кәрі адамдарға көмек ретінде жоғарғы сынып оқушылары өздері отряд құрып көмекке барып, өзін –өзі басқару «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері жетекшісі мектеп тәлімгері Габбасова Б.З. «Қариялар үйіне» шағын концертпен және тәтті нанмен шай дайындады. Сонымен қатар аз қамтылған жанұяларға жылма-жыл қайырымдылық акция жүріп отырады.

06 қазан күні «Ұстаз ұлы тұлға» тақырыбында мерекелік концертті «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері өткізді. Осы мерекелік концертке ардагер-ұстаздар шақырылып, кеш сонында тәтті дастархан ұйымдастырылды.

Желтоқсан айының 05-15 күндері аралығында 1-4 сынып оқушыларына сынып жетекшілері «Жанымыз жақсылыққа толы болсын» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.

Өзін-өзі басқару «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері Жаңа жыл мерекесіне, 8 Наурыз мейрамына, Наурыз мерекесіне, Жеңіс күніне арналған шараларға өте белсенді қатысып, мектепке өз көмектерін көрсетуде. Наурыз мейрамы барлық сыныптарға өткізіліп, оқушылар түгел ұлттық киімде келіп, ұлттық тағамдар дайындалып, ұлттық ойындар ойнатылды.

1-11 сынып оқушыларына Наурыз мерекесі де жоғары дәрежеде өтті.

Қорытындылай келгенде, рухани-адамгершілік тәрбиесінің жұмысына қанағаттанарлық деген баға бере отырып, жылдан жылға оқушылардың адамгершілік тәрбиесінің өскенін көреміз. Сыныптардағы сынып сағаттарының тақырыптары осы бағытта өткізіліп балаларға адами қасиеттерді түсіндіруде. Осыған орай кешенді бағдарламаның ықпалы зор деп білем. Мектептегі қоғам қайраткерлері, ардагер ұстаздармен кездесулер өткізу кештері үлкен маңызы бар. Жаңа жыл кеші, мұғалімдер күні, 1 қазан, 8 наурыз, 22 наурыз, Жеңіс күні, 1 қыркүйек, 25 мамыр, 22 қыркүйек, Тәуелсіздік күні, сияқты мейрамдарды тойлау дәстүрге айналды. Мектептің тағы бір дәстүрге айналған ісі мектеп бітіруші түлектер мектеп ауласына өз теректерін отырғызу, немесе раушан гүлдерін егу. Осы еккен теректері мен гүлдерін орта буын оқушыларына тапсырып күтуін сұрау. Филология әдістемелік бірлестігі жетістіктерін атап кетсем:

Халықаралық байқаулар -2018

Халықаралық «Ұстазым- ұлағатым» қашықтықтан өткізілген интернет байқауында «Эссе» номинациясының 11 сынып оқушысы Камелешева Наргиза III орын жүлдегері атанды, мұғалімі Г.К. Утеғалиева.

Халықаралық программалау және инновациялық техникалық «Roboland 2018» байқауында III орынға иеленгендер Талапов Ерасыл, Талғатов Артур, Қабенов Қамқор, жетекшісі Б.Б.Шурин.

Облыстық байқаулар -2018

Қазақстан тарихы пәні бойынша облыстық пән олимпиадасында 10 «Б» сынып оқушысы Мәсел Еламан қатысып, III орынды жеңіп алды, мұғалімі Т.У.Ажғалиев.

Сырым ауданының ұйымдастыруымен өткен VI облыстық «Қадыр оқулары-2018» байқауында «Қуып шығар қызыл сөзді ой кейін...» бөліміне 6- сынып оқушысы Темирова Әсемгүл қатысып, алғыс хатқа ие болды. Сонымен қатар «Сөздің бәрі құдіретті» бөліміне 7- сынып оқушысы Ислямова Гүлмира қатысып, алғыс хатқа және III орынға ие болды, мұғалімі Ш.М.Кондудаева.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қолөнер шеберлері» атты облыстық сәндік – қолданбалы өнер байқауының «Бисермен жұмыс» номинациясы бойынша III орын алғаны үшін Любченко Анастасия марапатталды, мұғалімі М.Б.Уразаева.

Композитор С.Қайырғалиев әндерін орындаушылардың облыстық «Екі жұлдыз» ән байқауында үздік өнер көрсетіп, асқан талантымен танылған Утеғалиева Үміт II орынды иеленіп, Тасқала намысын қорғады.

Грамота. Математика пәні мұғалімдері арасындағы V облыстық шығармашылық конкурсында «Білімге құштар» номинациясы бойынша Тлеуова Р.К. беріледі. (28 сәуір 2018ж.)

Облыстық сертификаттар-2018

Сертификат. Облыстық «Ең үздік ағылшын тілі пәні мұғалімі – 2018» байқауына қатысқаны үшін Тасқала ауданы Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ ағылшын тілі пәні мұғалімі Суюнғалиева Акштап Жексембиевнаға беріледі.

Сертификат. Математика пәні мұғалімдері арасындағы V облыстық шығармашылық байқауына қатысқаны үшін Тлеуова Рано Кайпрахмановнаға берілді.

Қашықтықтан өткізілген байқаулар -2018

Халықаралық «Ұстазым - ұлағатым» қашықтықтан өткізген интернет – байқауында жүлдегерін жоғары дәрежеде дайындағаны үшін Гульмира Кайыржанована Утеғалиева дипломмен марапатталды.

Бастауыш сыныптар арасында қазақ тілінен «Зият -юниор» I жалпықазақстандық қашықтық олимпиадасының I дәрежелі дипломымен 2 сынып оқушысы Швейк Анастасия марапатталды. жетекшісі: А.Б.Умбеталиева.

Бастауыш сыныптар арасында қазақ тілінен «Зият -юниор» I жалпықазақстандық қашықтық олимпиадасының грамотасымен және алғыс хатпен А.Б.Умбеталиева марапатталды.

Мадақтама облыс бойынша I орын үшін математика пәні бойынша Республикалық қашықтық олимпиадасының қатысушысы Наурзова Бақыт марапатталды.

Қабдешов Досымғали Қабдешұлын еске алу «Математикалық регата» турниріне белсене қатысқаны үшін «Пирамида» тобы (Г.У.Ташенова, Г.Т.Адилова, Р.К.Тлеуова) марапатталды

Аудандық ІІ Әбіш оқулары «Шығармашылық жұмыс» Ә. Кекілбаевтің шығармалары бойынша зерделеу жоба байқауында жүлделі ІІІ орын алғаны үшін 9 «А» сынып оқушысы Сапиева Дильназ иеленді, мұғалімі ІІІ.М.Кондудаева

Аудандық ІІ Әбіш оқулары «Үй тапсырмасы» Ә.Кекілбаев шығармаларынан иллюстрациялық суреттер байқауында жүлделі ІІ орын алғаны үшін 9 «А» сынып оқушысы Булатов Алдияр иеленді, мұғалімі А.Г.Сапаров

«Жыл үздігі- 2017» жастар сыйлығының «Үздік жас ерікті» аталымы бойынша 10 сынып оқушысы Хасанғалиева Гүлнар марапатталды.

Оқушылар арасындағы аудандық «Ақшақар-2018» атты үздік қарлы мүсіндер жарысында белсене қатысқаны үшін І.Алтынсарин атындағы мектеп командасы марапатталды, жетекшісі А.И.Джусупкалиев

Аудандық «ІІ Қадыр оқулары» байқауында «Сөздің бәрі күдіретті...» аталымы бойынша 7 «А» сынып оқушысы Ислямова Гүлмира І орынды иеленді, мұғалімі ІІІ.М.Кондудаева

Аудандық «ІІ Қадыр оқулары» байқауында «Кейбір жырым дән ұшырып қырманда, Кейбір жырым бақташы боп жүр маңда» аталымы бойынша 7 «А» сынып оқушысы Бактығалиева Дильназ ІІІ орынды иеленді, мұғалімі ІІІ.М.Кондудаева.

Аудандық «ІІ Қадыр оқулары» байқауында «Қуып шығар қызыл сөзді ой кейін» аталымы бойынша 6 «Б» сынып оқушысы Темирова Әсемгүл І орынмен марапатталады, мұғалімі ІІІ.М.Кондудаева.

Аудандық «Мұқағали оқулары» байқауының ІІІ орын жеңімпазы 9 «А» сынып оқушысы Байзақова Айжан марапатталды, мұғалімі ІІІ.М.Кондудаева.

«Кітап-достық көпірі»атты ұлттар әдебиетінің облыстық «Беларус әдебиетіндегі менің сүйікті шығармам» секциясы бойынша Киреева Наргиза марапатталады, мұғалімі Г.О.Султангереева.

Алаш Орданың 100 жылдығына арналған «Кемел елдің кемеңгері» облыстық виртуалды шығармашылық байқауына белсене қатысқаны үшін Мурсенова Замзагүл марапатталады, мұғалімі Г.О.Султангереева

Алаш Орданың 100 жылдығына арналған «Кемел елдің кемеңгері» облыстық виртуалды шығармашылық байқауына белсене қатысқаны үшін Бекмұхамбетова Амина марапатталады, мұғалімі ІІІ.М.Кондудаева.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халықаралық театр күніне арналған мектептер мен мектептен тыс мекемелер арасындағы «Бал өнер театр - 2018» балалар және жасөспірімдер драма үйірмелерінің байқауына қатысқаны үшін І.Алтынсарин ОМ марапатталды. Жетекшісі: Б.З.Габбасова.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халықаралық театр күніне арналған мектептер мен мектептен тыс мекемелер арасындағы «Бал өнер театр - 2018» балалар және жасөспірімдер драма үйірмелерінің байқауы «Ең үздік актриса» Сапиева Дильназ марапатталды. Жетекшісі: Б.З.Габбасова.

«Туған жерді жырлайды» атты мектеп оқушылары арасында аудандық мүшайрасына белсенді қатысқаны үшін 5- сынып оқушысы Рақым Жұлдыз марапатталды, жетекшісі А.Қ.Ихсанова.

Диплом. «Бозбала мен бойжеткен» байқауына қатысып «Мөлдір сезім» номинациясына ие болғаны үшін Тасқала ауылдық округі, Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ жұбы марапатталды. (тәлімгер - Вахитова Г.Д., 11 – сынып оқушысы - Ерлан Н.Е.)

Мадақтама. Аудандық «Ең үздік ағылшын тілі пәні мұғалімі -2018» байқауында «Бас жүлдеге» ие болған Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ мұғалімі Суюнгалиева Акштап Жексембиевна марапатталды.

Айтыскер ақын шәки Қайырғалиұлының шығармашылығына арналған аудандық Шәки оқулары байқауына қатысып, белсенділік танытқаны үшін Елемесова айзада марапатталды.

Кітап-достық атты ұлттар әдебиетінің облыстық байқауында «Беларус әдебиетіндегі менің сүйікті шығармам» номинациясы бойынша Киреева Наргиза марапатталды, жетекшісі: Габбасова Б.З.

«ХХ Абай оқулары» байқауының «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» өз шығармаларын орындау байқауында жүлделі ІІІ орын алғаны үшін 9 сынып оқушысы Абдрахманова Гүлдерайым марапатталды. Жетекшісі: Жақсат Есенович.

Мектеп оқушылары арасында (қыздар) жеңіл атлетикадан аудан біріншілігінде 100 м қашықтықта І орынға ие болғаны үшін Дробязко Валерия марапатталды. Жетекшісі: Конатаров М.К.

Ұсыныстар:

1. «Қоғамға қызмет ету» бағдарламасы бойынша жұмыстарын әрі қарай жалғастыру
2. Рухани-адамгершілік тәрбиесі бағытында ашық тәрбие сағаттарын көбейту;
3. Мемлекеттік мейрамдарды мектебімізде жоғары дәрежеде ұйымдастыру,
4. Ардагер ұстаздар мен еңбек ,соғыс ардагерлерімен кездесу кештерін көбірек ұйымдастыру.

3. Отбасы тәрбиесі, отбасы қатынасы мәдениетін қалыптастыру тәрбиесі:

Мақсаты: Отбасы дәстүрін сақтай білуге, ата-анасын, үлкенді қадірлей білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- отбасын құндылық ретінде сезіне білу қабілетін қалыптастыру;
- отбасылық міндеттерді орындаумен байланысты қолданбалы біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- отбасында дау-дамайсыз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- гендерлік айырмашылықтарға байланысты психологиялық, дүниетанымдық ерекшеліктер жөнінде білімдерін қалыптастыру.

Мектепте 30 сынып жетекші, 30 сынып жұмыс істеді. Әр сынып жетекші өз тәрбие жұмыс жоспарында ата –аналар жиналысын және де жеке консультация, әрдайым оқушының үйіне барып, үй – тұрмыстық жағдайын қадағалауды жоспарлады. Отбасы тәрбиесін қалыптастыруда бастауыш буын оқушыларымен, сынып жетекшілердің ата-анамен қарым - қатынасы жақсы. Олардың бірде –бір мерекесі ата-анасыз өтпейді.

Қыркүйек айында Отбасы күніне орай апталық өткізілді. Апталық кезінде «Салауатты өмір салты- ұлт денсаулығының кілті», «Толағай» спорттық шарасы, «Менің отбасым»

өлеңдер байқауы, «Отбасынан қымбат не болуы мүмкін!» психологиялық кеңес, «Шахматты отбасы» атты сайыс, «Әкем, шешем және мен, аспаздармыз шетінен» атты отбасылық байқауы, «Жұлдызды сәт» музыкалық отбасылық сайысы, «Әжем, атам қасында...» суреттер байқауы өтіп, апталық туралы аудандық газетте мақала жарық көрді.

6-9 сынып оқушыларының ата-аналарына мектеп психологымен ұйымдастырылған «Школа глазами родителей» тақырыбында сауалнама жүргізіліп, қорытынды шығарылды.

20 қараша күні жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы «Білімді ұрпақ-ұлт болашағы» атты тақырыбында өтті.

Мектепте дәстүрге айналған: «Әкем, шешем, мен- спорттық жанұя» атты спорттық шара, «Толағай» атты жанұялық сайысы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерімен тиісті деңгейде ұйымдастырылды.

Мектепте ата-аналар комитеті құрылған. Комитетке 30 ата-ана кіреді, әрбір сыныптан бір ата-ана. Мектепшілік ата-аналар комитетінің төрайымы Камелешева Н.А. Комитет өз отырысында әр –түрлі тәрбиелік мәселерді қарастырады. Мектептің ата-аналармен жұмысы маңызды үрдістердің бірі ретінде жылдан жылға жақсаруда. Әр тоқсан сайын «Отбасы – тәрбиенің алтын діңгегі», «Әдептілік-адамгершілік бастауы», «Имандылық жолы-ізгілік жолы», «Жазғы мезгіл кезіндегі суда жүзу, өрт қауіпсіздігі туралы нұсқаулықтар» тақырыбында ата-аналар қауымдастығы алдындағы қоғамдық тыңдау өткізіледі.

8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай 04 наурыз күні «Ана-өмір шуағы» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, келесі сынып жетекшілердің тәрбие сағаттары тиісті деңгейде өткізілді деп атап кетуге болады: «Отбасы-Отаннан басталады» 11 «А» сынып жетекшісі Измагамбетова А.Х., «Отбасы құндылықтары» 6 «Б» сынып жетекшісі Кахова А.М., «Вирус сквернословия. Речь-это показатель» тақырыбында 8 «В» сынып жетекшісі Хайрамбаева Г.Б., «Тәуелсіздік – тірегіміз!» 4 «Б» сынып жетекшісі Куспанова Б.И., «Моя Родина – Казахстан!» 4 «В» сынып жетекшісі Ульданова Т.В., «Семья – это ценность» 6 «В» сынып жетекшісі Сабитова А.А., «Мен өз елімнің патриотымын!» 1 «А» сынып жетекшісі Сарсенбаева М.Д., «Правила этикета» 1 «Б» сынып жетекшісі Ашигалиева Т.Т., «Поле чудес» 6 «А» сынып жетекшісі Айткалиева Б.С., «Толерантность в жизни» 11 «Б» сынып жетекшісі Утегалиева Г.К. қазақ тілі мен әдебиет апталығында «Тілдер мерекесі» Усенова С.О., тарих апталығында «Своя игра» Ахметов С.Б., технология апталығында «Шебер қолдар» шебер сыныптар жоғары дәрежеде ұйымдастырылды.

Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББ мектебінде 11 сыныптарға аттестат тапсыру кеші 15 маусым күні өтті. Мектепті 14 түлек бітіріп, олардың бәрі де аттестаттармен марапатталды.

Аттестат тапсыру рәсіміне 14 - түлектің 14 қатысты. Салтанатты кештің бірінші бөлімі аудандық мәдениет үйінде өтті. Түлектерге арналған шағын концерт қойылды.

Салтанатты кештің жалғасы мектеп акт залында өтті. Мектеп директоры Э.Дакишева ата-аналарды, түлектерді құттықтап, мақтау қағаздары мен сертификаттарын, ата-аналарға алғыс хаттарды табыс етті. Сонымен қатар, мектеп түлектері өз мұғалімдеріне алғыстарын білдіріп, музыкалық сәлемдеме жолдады. Кештің аяғында ата-аналардың атынан Камелешева Надия және Буентаева Гулмира сөз сөйледі. Ата-аналар құттықтау сөздерінде мектеп әкімшілігіне, ұстаздарға алғыс білдірді. Сонымен қатар, түлектердің сынып жетекшісі Измагамбетова Асия Хаировна өз түлектеріне ақ жол тіледі.

Екінші бөлімі сағат 23.50-де басталды.Әрбір ата-ана өз кезекшілік уақытын біліп және өз балаларын қадағалап жүрді.

Кештің екінші бөлімі 3.45-да сәтті аяқталды. Кезекші мұғалімдер өз кезекшілік міндеттерін кесте бойынша атқарды.

Ішкі істер бөлімінің өкілдері кеш аяқталғанша кезекшілікті ұйымдастырып, тәртіпті қадағалап жүрді.

Мектеп бітіруші түлектер сынып жетекшісімен бірге таңғы арайды қарсылауға шықты.Сағат 4.45-де түлектер ата-аналарымен бірге үйлеріне тарады.Кеш кезінде ешқандай оқыс оқиғалар болған жоқ.

Ұсыныстар:

1. Ата-аналар комитетімен жұмыс түрлерін түрлендіру;
2. Сынып жетекшімен ата-ана қарым-қатынасын нығайту;
3. Кезекшілік жұмыстарын әрі қарай жалғастыру;
4. Оқушылардың тәртібі жөнінде ата-анаға уақытылы жеткізу.

4. Тұлғаның өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктерін қалыптастыру тәрбиесі:

Мақсаты: Тұлғаның өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктерін, әлеуметтік мәнді және жеке сапаларын, коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

- жаңа білім алуға, жағдайды сын көзбен бағалауға деген құлшыныстарын қалыптастыру;
- адам-адам, адам-қоғам, адам-техника, адам-табиғат жүйесіндегі фундаментальдық білімдерін қалыптастыру;
- жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан алып қарағандағы қоршаған әлемді түсінуін, өзін соның бір бөлшегі және сол үшін жауапкершілікте екендігін сезінуін, өзінің өмірлік тұғырнамасын анықтауын, қоршаған ортаға деген өзінің көзқарастарын бір жүйеге келтіру.

Тұлғаның өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктерін қалыптастыру тәрбиесі бағыты бойынша қанағаттанарлық деген баға қоя отырып, өткен оқу жылына қарағанда биылғы оқу жылында өзін-өзі дамытып, жетілдіру бағыты бойынша «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері ерекшеленді. Олар өз бастарымен қандай да болмасын шараға белсене қатысуда.

Қыркүйек айында 7-8 сынып оқушыларына «Бақыт деген...» тақырыбында пікір аламасуды мектеп психологы, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Бупениязова Р.А өткізді.

Қараша айында мектеп психологы Шапикова Г.Б «Өзінді таны» тақырыбында 5-6 сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізді.

Қаңтар айында жоспар бойынша 1-4 сынып оқушыларна «Жақсылық – жан азығы» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, әзірлемесі тапсырылды.

Ақпан айында Ауған соғысы ардагерлері құрметіне орай «Ұрпаққа өшпейтіндей із қалдырған » тақырыбында 5-10 сынып оқушыларына бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Ұсыныстар:

1. Ауған соғысы ардагерлерімен кездесуді өз мектебімізде үнемі ұйымдастыру;
2. Оқушыларды өзін-өзі тану мен дамытуға бағыттауға жұмысын күшейту.
3. Мектеп әкімшілігі тарапынан жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысына оқушының өзінің өмірлік тұғырнамасын қалыптастыру.

5.Әлеуметтік мәнді және жеке сапаларын қалыптастыру мәдениеті тәрбиесі:

Мақсаты: Тұлғаның әлеуметтік бейімділік, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік тұрақтылық сияқты сапаларын қалыптастыру

Міндеті:

- әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі мінез-құлықтың өзіндік стилін, шығармашылығы мен дербестігін, қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге орай тез және адекватты түрде әрекет ете білушілігін, белсенді өмірлік ұстанымын дамыту.

Жалпы мектеп бойынша әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылардың құжаттары, ата-аналарының өтініштері бар. Көмекке мұқтаж оқушылар тізімін арнайы құрылған комиссия отырысында қаралып, бекітілген.

2017 – 2018 оқу жылдың басында әлеуметтік аз қамтылған оқушылардың тізіміне 11 оқушы тіркелді, ата-анасының қамқорлығынан айырылған оқушы жоқ, 50 оқушы көп балалы отбасынан шыққан. Қыркүйектегі «Жалпыға бірдей білім беру» айлығында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты: мектеп жасындағы балаларды мектепке тарту, қараусыз, ата-ананың қадағалауынсыз қалған балаларды анықтау ішімдікке салынып, жалданып жұмыс жасау жағдайларының алдын алу болды. Мектеп әкімшілігі,

сынып жетекшілері, ата-аналар құрамы және жасөспірім инспекторларымен бірлескен күн көрісі төмен отбасылары үйлеріне, шаруашылықтарға, базарларға, автобекетке, түнгі ойын-сауық мекемелеріне кесте бойынша рейдтер жасалынып тұрды. 2017-2018 оқу жылында рейдтің нәтижесі бойынша 1-ші қыркүйектен бастап сабақтан қалыс қалған, қаңғып, бос жүрген жасөспірімдер анықталған жоқ. Шағын аудан бойынша барлық мектеп жасындағы бала мектепке тартылды. «Мектепке жол» акциясына арнайы стенд жабдықталып, жұмыс жоспары жасалынды. Мектепте білім алатын аз қамтылған отбасынан 32 бала аудандық бюджеттен киім алуға 332, 000 теңге қаражат бөлінді. Сонымен қатар акцияға ұстаздар, ата-аналар демеушілік жасауда.

1-4 сынып оқушыларына және аз қамтылған оқушыларға тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 19-тармағына сәйкес жергілікті өкілетті органдар Қазақстан Республикасы заңдылықтарымен қарастырылғандай жекелеген санаттағы оқитындар үшін жеңілдетілген және тегін тамақты ұйымдастырды. Қазіргі заманғы мектеп оқушыларының өсуіндегі жоғары жылдамдық пен ақпараттық, психоэмоционалдық және ақыл-ой жүктемесінің күн санап артуы, әсіресе белок, витаминдер мен микроэлементтер сияқты тағамдық заттектердің жеткілікті мөлшерінің тамақ арқылы тұрақты түсіп отыруын талап етеді. Осыған байланысты мектеп оқушыларының құнарлы тамақтануы– мектеп бағдарламаларын жақсы меңгеру сапасын анықтайтын, толыққанды дене бітімі мен ақыл-ой дамуына қажетті жағдай жасайтын және өскелең ұрпақтың денсаулығының негізін қалайтын білім беру үрдісінің міндетті элементі болып табылады. Сол себепті 1-4 сынып оқушылары 100 % тегін тамақтанады, оның ішінде 5 оқушы аз қамтылған, ал 5-11 кл арасында 40 оқушы тегін тамақтанады. 19 қазан күні «Мейірімді жүрек» атты қамқоршы және аз қамтылған ата-аналарға арналған дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: қамқоршы ата-аналардың бойында мейірімділік қасиетін дамыту, балаларға деген сүйіспеншілікті арттыру, тиімді тәрбие стилін меңгерту, қайтымды жағымды байланыс алу. Қазіргі таңда өмір қарама-қайшылықтар мен өкініштерге толы, әр күн сайын біз адамдардың бір біріне деген салқын жүзділік танытуымен кездесеміз. Бірақ сіздерде отбасы бар, ол отбасыда сізбен не болса да әрдайым естерінде ұстайды, кешіреді, күтеді. Дәл отбасыда біздер махаббатқа, жауапкершілікке, қамқоршылыққа және құрметтеуге үйренеміз. Психолог Шапикова Г.Б. ата-аналарға «Мейірімді жүрек» тренингін өткізді. Ата-аналар тренингке белсене қатысты және балалардың әр түрлі мәселелері талқыланды. 23 қараша күні аз қамтылған оқушылардың оқу үлгерімі, сабаққа қатысымы, бос уақыты тексерілді. Барлық оқушының үлгерімі қанағаттанарлық, сабаққа қатысымы жақсы, спорттық, қолөнер, пәндік үйірмелерге қатысады. 26 желтоқсан күні Орал қаласында өткен Президенттік шыршаға Бақтығалиева Дильназ 7 «А» қатысып, сыйлыққа киім-кешек және тәтті сыйлық алды. Аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары 23 желтоқсан күні әкім шыршасына Кушкарбаев Оралбек, Ерболатов Асет, Кужакова Алина, Кужакова Айнура қатысты.

2017-18 оқу жылы бойынша әлеуметтік төлқұжат

Мәлімет	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Жылдық
Жалпы оқушылар саны:	404	404	402	406	406
Оралман оқушылар	-	-	-	-	-
Көп балалы жанұя	22	22	22	22	22
Аз қамтылған жанұя	9	9	9	9	9
Сәтсіз жанұя	3	3	3	3	3
Жұмыссыз жанұя	12	10	11	10	10
Толық емес жанұя	45	45	45	45	45
Жетім балалар /қамқоршылық тәрбиеде/	2	2	2	2	2

«Қиын» оқушылар	-	-	-	-	-
Сыныптар	30	30	30	30	30

Әлеуметтік мәнді және жеке сапаларын қалыптастыру мәдениеті бағытындағы жұмысқа қанағаттанарлық деген баға бере отырып мына жұмыстарды атап кетуге болады:

Жыл бойы мектеп психологы тарапынан 5 сынып оқушыларына психологиялық қолдау мақсатында тренингтер ұйымдастырылды.

15 – 20 ақпан күндері 1-11 сынып оқушылары арасында сынып жетекшілері «Менің мінезімнің күшті және әлсіз жақтары» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Ұсыныстар:

1. Сауалнамаларға оқушылардың толық қатысуын қамтамасыз ету;
2. Әлеуметтік мәнді және жеке сапаларын қалыптастыру мәдениеті бағыты бойынша тәрбие жұмыстарын түрлендіру.

6. Коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру

Мақсаты: Мінез-құлықтың тұрақтылық ұстанымын қалыптастыру

Міндеттері:

- қарым-қатынасты ұйымдастырудағы құндылықтар, идеалдар, нормалар жүйесін қалыптастыру, шығармашылық қызметте өзінің жекелігін сақтап қалу үшін басқалармен байланыс орнату, оларды дамыту, келістіру, қалыпқа түсіру және түзетіп отыру;
- ашық ақпараттық, білімдік, іс-әрекеттік, коммуникативтік, әлеуметтік және тұлғалық кеңістік құру;
- балалар мен жастарда дербес және жауапкершілікті тұлға болуға деген қажеттілік қалыптастыру.

Коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру бағытындағы тәрбие жұмысына қанағаттанарлық деген баға бере отырып, мына жұмыстарды атап кетуге болады:

Қазан айының 10-15 күндері аралығында жоспар бойынша 3-4 сынып оқушылары арасында сынып жетекшілері «Қарым – қатынас мәдениеті» тақырыбында әңгімелесу жұмыстары жүргізілді.

«Сабыр түбі сары алтын» тақырыбында сынып жетекшілер 5-6 сынып оқушыларына ашық әрбие сағаттарын 17-22 қазан күндері өткізді.

Мектеп психологы Шапикова Г.Б 7-10 сынып оқушыларының арасында «Төзімділік- адамгершіліктің мөлдір бұлағы» тақырыбында 09 қараша күні тренинг ұйымдастырды.

Ұсыныстар:

1. Коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыс түрлерін түрлендіру;
2. Сынып сағаттарының әзірлемесін уақытылы тапсыру.

7. Экологиялық тәрбие және табиғатты қорғау қызметі бағыты тәрбиесі:

Мақсаты: Оқушыларды адам және табиғат бойындағы сұлулықты сезіне білуге, туған өлкесіне, өз туған жерін сүйуге ел байлығын қорғай білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- бірлескен танымдық, табиғатты қорғаушылық іс-әрекет, қоршаған ортаға қамқорлық жасауды жүзеге асыру арқылы тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына және дамуына қолайлы жағдай туғызу;
- адамның табиғатқа этикалық көзқарасын және оған деген қарым-қатынас этикасын қалыптастыру.

Экологиялық тәрбие бағытында жүргізілген жұмысына қанағаттанарлық деген баға бере отырып мына жұмыстарды атап кетуге болады.

2017-2018 оқу жылында мектеп оқушылары көптеген нәтижелерге жетті.

Облыстық байқаулар -2018

«Туған жер» бағдарламасы шеңберінде облыстық «Саябақтар шеруі» акциясында «Үздік экологиялық кабинет» номинациясы бойынша ІІ орын иеленгені үшін Таскала ауданы Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББ мектебі марапатталды. Дайындаған: А.Ж.Зиналиева (26 сәуір 2018ж.)

«Біз табиғаттың достарымыз» атты облыстық сырттай байқауында «Экоәлемді қорғайық» номинациясы бойынша ІІІ орын иеленгені үшін Темирова Әсемгүл марапатталды. Жетекшісі Сапаров А.Г.

«Туған жер» бағдарламасы шеңберінде облыстық «Экологиялық патруль» байқауында «Экологиялық патруль» номинациясы бойынша ІІ орын иеленгені үшін 8 «А» сынып оқушылары Киреева Наргиза, Умиртаева Ирайда, Бикмурзина Жания, Тлеккабылова Жангүлім, Бақытжанова Айнамкөз марапатталды. Жетекшісі: Зиналиева А.Ж., Сабитова А.А. (30 мамыр 2018ж.)

Аудандық байқаулар-2018

Аудандық «Мектеп жанындағы үздік оқу –тәжірибе үлескесі» байқауында 8 сынып оқушысы Кереева Наргиза І орынды қанжығаға байлады, мұғалімі А.А.Сабитова.

Аудандық «Дүниежүзілік жануарларды қорғау» күніне арналған байқауда «Біздің кіші бауырларымыз» қолдан жасалған бұйымдар секциясында ІІ орынды 11 сынып оқушысы Ерлан Нұртілек жеңіп алды, мұғалімі А.Г.Сапаров.

«Туған жер» бағдарламасының шеңберінде «Менің Отаным Қазақстан» жас натуралистер мен экологтардың аудандық форумында «Гүлдене бер туған өлкем» әншілер байқауында І орынды 5 «А» сынып оқушысы Рақым Жұлдыз иеленіп, облысқа жолдама алып, қатысып келді, мұғалімі А.К.Ихсанова.

Аудандық оқушылардың «Балалар даму академиясы» аудандық іздестіру-зерттеу конференциясында «Қазақстандағы 100 жаңа есім» атты өлкетану секциясында ІІ орынды 8 «А» сынып оқушысы Гайнуллина Мерейім, мұғалімі Т.У.Ажғалиев.

«Туған жер, экология, мен» атты аудандық ғылыми-практикалық конференцияның «Қалдықты пайдаға айналдыру» секциясында ІІІ орынға иеленгені үшін Абдрахманова Гүлдерайым марапатталады, жетекшісі А.Ж.Зиналиева.

«Туған жер, экология, мен» атты аудандық ғылыми-практикалық конференцияның «Энергияның дәстүрден тыс көздері» секциясында І орынға иеленгені үшін Мурсенова Замзагүл марапатталады, жетекшісі Р.Д.Жасқайратова

«Туған жер» бағдарламасының шеңберінде «Қазақстан – менің елім» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің аудандық форумында «Экоәлем» секциясында ІІ орынды иеленген 9- сынып оқушысы Сапиева Дильназ, мұғалімі А.Ж.Зиналиева.

Халықаралық құстар күніне арналған «Құстар – біздің досымыз» атты аудандық байқауының «Әнші құс» секциясында ІІІ орын иеленген 5- сынып оқушысы Рақым Жұлдыз марапатталды. Жетекшісі : А.Қ.Ихсанова.

«Менің Отаным-Қазақстан» атты аудандық жас натуралистер мен экологтар байқауында «Табиғатқа жолдас бол» секциясында белсенді қатысқаны үшін 8- сынып оқушысы Гайнуллина Мерейім марапатталды. Жетекшісі Б.З. Габбасова.

Аудандық «Экологиялық патруль» байқауының «Экологиялық репортаж» секциясында ІІІ орынды иеленгені үшін Гайнуллина Мерейім марапатталды. Жетекшісі: Зиналиева А.Ж. (19 мамыр 18ж.)

Аудандық «Экологиялық патруль» байқауының «Сақтаймыз және қорғаймыз» секциясында ІІІ орын иеленгені үшін Гарифуллин Акфар марапатталды. Жетекшісі: Сапаров А.Г. (19 мамыр 2018ж.)

«Біз табиғаттың достарымыз» атты сырттай аудандық байқауында «Экоәлемді қорғайық» тақырыбындағы суреттер секциясында І орынды иеленгені үшін Темирова Әсемгүл марапатталды. Жетекшісі Сапаров А.Г. (5 мамыр 2018ж.)

«Саябақтар шеруі» атты сырттай аудандық акциясының «Үздік экологиялық кабинет» секциясында І орынды иеленгені үшін Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББ мектебі Зиналиева А.Ж. марапатталды. (21 сәуір 2018ж.)

Аудандық «Экологиялық патруль» байқауының «Экологиялық патруль» секциясында І орынды иеленгені үшін «ЭКОС» тобы марапатталды. Жетекшісі: Абдрахманова К.С., Сабитова А.А. (19 мамыр 18ж.)

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында аудандық жас натуралистер мен зерттеушілер слетінің «флористика» секциясы бойынша І орынды иеленгені үшін Мурсенова Замзагүл марапатталды, жетекшісі К.С.Абдрахманова, А.Ж.Зиналиева, А.Н.Ахметова.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында аудандық жас натуралистер мен зерттеушілер слетінің «орнитология» секциясы бойынша ІІ орынды иеленгені үшін Гайнуллина Мерейім марапатталды, жетекшісі А.Ж.Зиналиева, А.Н.Ахметова.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында аудандық жас натуралистер мен зерттеушілер слетінің «энтомология» секциясы бойынша І орынды иеленгені үшін Оразаева Наргиза марапатталды, жетекшісі К.С.Абдрахманова, А.Н.Ахметова.

Ұсыныстар:

- 1. Республика ,облыс, аудан көлемінде мұғалімдер мен сынып жетекшілердің іс-тәжірибелерін тарату;**
- 2. Тәрбие сағаттарында экологиялық конференциялар мен сайыстарға қатысқан балаларды тартып , басқа балаларға үлгі ету;**
- 3. Үздік жетекшілермен кездесулер ұйымдастыру;**
- 4. Түлектердің еккен ағаштары мен гүлдерін баптап күту жұмыстарын жалғастыру,түсінік жұмыстарын әр сынып жетекші сыныбында жүргізу.**

8.Эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Рухани және эстетикалық құндылықтарды, сенім мен мінез-құлық моделін тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту

Міндеттері:

- қарым-қатынас жасауға деген қажеттілігін, шығармашылық қызметі мен өзін-өзі ұйымдастыруын қалыптастыру;

- қоғамның рухани мәдениетін сақтау және дамыту, отбасылық, ұлттық дәстүрлерді жалғастыру;
- сезім мәдениетін қалыптастырудың негізі ретіндегі баланың эмоционалдық өрісін дамыту.

Эстетикалық тәрбие бағытында жүргізілген жұмысына қанағаттанарлық деген баға бере отырып мына жұмыстарды атап кетуге болады.

Қараша айының 17 жұлдызында 5-6 сынып оқушыларына «Шеберлікке шек жоқ» экспромтеатры өтті.

22 қаңтар күні 5-11 сыныптың қыз балаларымен жеке бас гигиенасы жөнінде мектеп медбикесі, әлеуметтік педагог және аудандық аурухананың акушерімен кездесуі өтті.

Қыркүйек айында «Екі жұлдыз», 17 ақпан күні музыка пәнінің мұғалімі Ихсанова А.Қ «Жас музыкант» байқауын ұстаздар мен оқушылар арасында өткізіп, қорытындысын шығарды.

1-4 наурыз күндері 8-9 сыныптар арасында «Қыз- өмірдің қызғалдағы» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Эстетика ӘБ мұғалімдерінің жетістіктерін атасам:

Халықаралық байқаулар -2018

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, композитор Донедел Қажымов әндерін орындаушылардың II - ші Республикалық «Ақ Жайық-ару мекенім» ән фестиваліндегі шығармашылық жетістігі үшін ДИПЛОМАНТ атағымен Үміт Өтебалиева марапатталды.

Республикалық байқаулар -2018

«Бақытты елдің ұрпағымыз» қорының ұйымдастыруымен өткен Республикалық «Дала сазы» атты байқауында «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша жоғары деңгейде 4 «Б» сынып оқушысы Ханимат Инабат, 2 «А» сынып оқушысы Ерболат Жасұлан өз өнерлерін көрсете білді.

Халықаралық III –ші «Тоника» фестиваліне қатысып, жүлделі I орынды Умиралиева Аружан иеленді.

Республикалық «Ұлы Дала Ұрпағымыз» Балалар мен жастар байқауында «Аспапта орындаушылық өнері» номинациясы бойынша жоғары деңгейде көрсеткені үшін Қажыкен Наргиза марапатталды.

Ұсыныстар:

1. Эстетикалық тәрбие бағытындағы жұмыс түрлерін түрлендіру.

9. Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру бағытындағы тәрбие:

Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстана білуге, жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- адамгершілік және гуманистік бағдарларға ие, психикалық және дене жағынан сау, әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптасуы үшін қолайлы жағдай туғызу
- салауатты өмір сүруге және зиянды әдеттердің алдын алуға қажеттілік қалыптастыру
- салауатты өмір салтын қалыптастыру, балалардың денсаулығын нығайту және өмірін қорғау.

Мектебімізде 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде іс-шаралар жоспары, 2017-2018 оқу жылында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің алдын алуға байланысты жүргізілетін

іс-шаралар жоспары, 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде **АҚТҚ/ЖҚТБ алдын алу** іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілген. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі Жол полициясы комитетінің ақпараты бойынша жаңа 2017-2018 оқу жылында балалар мен жасөспірімдердің жолдар мен көшелерде жол қауіпсіздігін болдырмау мақсатында 7-12 қыркүйек аралығында өтетін «Абайлаңыз- балалар!» атты жедел алдын алу іс-шарасы өткізілді. 2017 жылдың 14-19 қыркүйек күндері Қазақстан Республикасы Президентінің 2015-2020 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында денсаулық апталығы болып өтті. 14 қыркүйек күні « Мен, сен және ол — біз саламатты ел!» атты ұранымен « Денсаулық фестивалі — 2017» өтті. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен шараға ұстаздар,білім алушылар түгел қатысып, белсенділік танытты. Денсаулық фестивалінің ашылу салтанатында Мемлекеттік Гимн орындалып, ұлттық рух шарықтады. Мектеп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Умбеталиева А.Б. денсаулық фестиваліне қатысушыларды құттықтап, сәттілік тіледі. Денсаулық фестивалінде гимнастикалық жаттығулар жасалынып, түрлі спорттық шаралар өткізіліп,жеңімпаздар диплом, мақтау қағаздарымен марапатталды. 5-7 сынып қыз балалар арасында өткізілген пионербол ойынында: І орын- 6 “а” сынып, ІІ орын- 7 “а” сынып, ІІІ орын-7 “б” сынып иеленді. 5-7сынып ер балалар арасында өткен футбол ойынында І орын- 7 “а” сынып, ІІ орын- 5 сынып,ІІІ орын-6 “б” сынып иеленді. Аталған шараға ұжым 100% қатысты.

Ассамблеяның 20 жылдығына орай «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты фестиваль оздырылды. Фестивальде 5-8 оқушылары қамтылды.

Мұғалім - мектептің жүрегі. Қазан айында «Мұғалімдер күніне» орай мектебімізде «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Әр сынып ұстаздарына арнаған мерекелік құттықтауларын арнады. Мерекелік шараға ардагер ұстаздар шақырылды. Ерекше көзге түскен мектеп түлектерінің бейнеролик арқылы құттықтауы.

Мектебімізде қазан айында 1-11 сынып оқушыларына арналған «Арайлы Алтын күз» атты мерекелік кеші ұйымдастырылды. Әр сынып «Үздік гүл шоғыры», «Үздік мүсін», «Сән үлгісі -2017», «Музыкалық сәлемдеме» және «Үздік КТК командасы» номинациялары бойынша сынға түсті. Мерекелік кеште 8-10 сыныптар арасында күздің хан мен ханшайымы таңдалды.

Ұлттық валюта күніне орай «Жас ұлан» ұйымы «Теңге – ұлттық табыстың кепілі» атты сайысын ұйымдастырды. Сайыс мақсаты Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру. Алты бөлімнен құрылған сайысқа 5-6 сынып оқушылары қатысты. Қатысушы оқушылар «Табыс», «Тиын» тобы болып бөлінді. Әр топқа берілген тапсырмалар қызығушылықпен орындады. Сайысты Ұланбасы Серікова Нұрайылым оқушыларды Төл Теңге күнімен құттықтап, қорытындылады.

Қараша айында «Жас Ұлан» ұйымы жетекшісі Б.Габбасовамен «Біз СПИД-ке қарсымыз» атты онкүндік акциясы оздырылды. Акцияның мақсаты мектеп оқушыларына АҚТҚ/ЖҚТҚ туралы ақпарат беру. Осы мақсатта ұйым белсенділері баяндама оқыды. 8-9 сыныптар арасында мектеп медбикесі А.Юсуповамен «XXI ғасыр індеті» атты аудандық аурухана дәрігерлерімен кездесу өткізді. Ұйым белсенділері «Сенің жұлдызды сәтің» атты би марафонын өткізді, 5-11 сыныптар белсенді қатысты.

Желтоқсан айында «Елбасы дәуір тұлғасы» атты мерекелік салтанатты жиыны өткізілді. Шараның мақсаты Қазақстан Халықтарының бірлігі туралы ұғым беру. Балаларға еліміздің бас қаласы – Астана туралы, елбасымыз Н.Ә.Назарбаев туралы түсінік беру, отансүйгіштікке, туған жерді аялауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

«Ауған ақиқаты туралы» атты Кеңес әскерлеріні Ауған жерінен шығарылғанына 28 жыл толуына арналған кеші аталып өтілді. Оқушыларға Ауған жерінде опат болған

жерлестеріміз, қазақ бауырларымыз туралы, олардың ерліктері жайлы айтылды. Кешті оқушылардың хормен орындаған «Атамекен» әнімен тәмәмдады.

Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Денсаулықты сақтау, нығайту қажеттілігі мақсатында мектебімізде ақпан айында «Толағай» отбасылық спорттық сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа 5-8 сынып оқушылары ата-аналарымен қатысты. Айта кетсек, Бақтығалиевтер, Степанюк, Валуйскийлер отбасылары белсене қатысып, сайыс соңында марапатталды.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Асыл әжем» фотобайқауы, «Ардақты ана» мерекелік концерті ұйымдастырылды.

1 мамыр Халықаралық бірлік күніне орай «Қазақстан – бірлік пен татулық мекені» атты ән, би сайысы ұйымдастырылды. Аталмыш шараға әр сынып өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрін, ұлттық ойынын, өнерін толықтай жеткізе білді.

Ұсыныстар:

1. **Өзін -өзі басқару ұйымының жұмысын үзбей жалғастыру;**
2. **Аудандық «Жастар орталық ресурс» белсенділерімен жұмысты нығайту**

17. Үйірмелер мен секция жұмыстары

Мектепте 2017-2018 оқу жылында 8 үйірмерлер мен секциялар жұмыстанып, 308 бала қатысты.

Олар: спорттық секциялар «Тоғызқұмалақ» Джусупкалиев А.И (оқушы саны-20), «Шахмат» Конатаров М.К. (оқушы саны-21), «Алтын оймақ» (оқушы саны-15), «Модульдік оригами» (оқушы саны-17) жетекшісі Уразбаева М.Б. , «Волейбол» (оқушы саны-20) жетекшісі Образков С.В., «Баскетбол» (оқушы саны-20) жетекшісі Умбеталиев Е.Ж., «Футбол» (оқушы саны-22) және аудандық мектептен тыс жұмыс орталығына 151 бала әртүрлі үйірмелерге қатысады.

Оқушылардың өзіндік, зертханалық жұмыспен айналысу жағдайы және оның қорытындысы:


Жылдар	«Зерде» шығармашылық жұмыстар	КҒА	Дарын ҒЖЖ
2017-2018	3	3	5

Оқушылардың оқу және оқудан тыс қызметінде өз мүмкіндіктерін іске асыру жағдайлары (факультатив жұмысы, үйірме жұмысы, спорттық секциялар, көркем өнер үйірмесі, пікірталас клубтары, басқа да салалар)

Тәрбие бағыты бойынша үйірмелер 2017-18 оқу жылы

Мұғалімдер	1 а	1 б	2 а	2 б	3 а	3 б	4 а	4 б	5 а	6 а	6 б	7 а	7 б	8 а	8 б	9 а	9 б	10 а	11 а	Барлығы
Жусупкалиев А.И.					7	9	5	6		2		1								30

Тоғызқұмалақ																			
Конатаров М.К. Шахмат			5					6	5	5			3			2	2	2	30
Образков С.В. Волейбол									4	5	2	7	1 0			2			30
Ихсанова А.К. «Шабыт» хор үйірмесі	2	3	5	5	5	5													25
Ізімова С.К. «Ақбота» үйірмесі									1 0	5	5	3	2						25
Уразбаева М.Б. «Шебер қолдар»									5	5	5	3	2	3	2				25
Барлығы	2	3	1 0	5	1 2	1 4	5	1 2	2 4	2 2	1 2	1 4	1 7	4	2	4	2	2	165




Үйірме атаулары	Өткізілген іс шаралар	Жетістіктер
Тоғызқұмалақ Жетекшісі: Жусупкалиев А.И.	Аудандық жасөспірімдер мен қыздар арасындағы «Тоғызқұмалақ» ойынынан жарыс өткізілді.	Ибраймова Аймгүл ІІІ орын Селим Нұр ІІ орын
Шахмат Жетекшісі: Конатаров М.К.	Мектепшілік жарыс	Мағзомов М. -І орын Таштемиров Д.-2 орын Тлеккабылов Г. -3 орын

Волейбол <i>Жетекшісі:</i> <i>Образков С.В.</i>	Аудандық волейбол ойын түрі	Мектеп оқушылар командасы – III орын Кинаков Арман «Үздік қорғаушы» номинациясына иеленді.
«Шебер қолдар» үйірмесі <i>Жетекшісі:</i> <i>Уразаева М.Б.</i>	Аудандық «Нашақорлық-қоғам қасіреті» суреттер байқауы «Ерлік ұмытылмайды» атты аудандық суреттер байқауы «Отаным-алтын мекенім» тақырыбында «Танғажайып сәт» суреттер байқауы «Қазақстанның болашағы нашасыз» атты облыстық суреттер байқауы	Дробязко В. - I орын Нұрлан С. - III орын Мақсұтова А. - III орын Булатов Алдияр және Ажғалиев Бексұлтан алғыс хатқа ие болды
«Шабьт» хор үйірмесі <i>Жетекшісі:</i> <i>Ихсанова А.К.</i>	Президент күніне арналған «Елін сүйген, елі сүйген елбасы» атты мектепшілік акцияда Президент күніне орай Мектепшілік «Танылмаған талант» байқауы Тәуелсіздік күніне арналған іс-шара өткізілді. Халықаралық әйелдер күнінде Наурыз мерекесінде 9 мамыр мерекесіне орай «Отты жылдар әндері» атты әдеби – музыкалық кеш ұйымдастырды	Үйірме мүшелері «Отаным-Қазақстан» әнін орындады. «Елім менің-жерім менің» атты сыныптан тыс шара өткізді. I орын- Рақым Жұлдыз 5а сынып II орын-Бақтығалиева Дильназ 7а сынып III орын- Хаирболат Милетта 4 асынып Үйірме мүшелері «Желтоқсан желі», «Қазақстан» әндерін орындады. «Ақ мама», «Ана», «Апатайым-анашым» әндерін орындады. «Наурызым-нақыл сөз», «Ата дәстүр, ақ тілеу» әндерін орындады. Кеш барысында тақырыптық әндер, хор үйірмесі мүшелерінің орындауында «Жеңіс», «День победы», «Қайран боздақ ағалар», «Катюша», «Мәншүк туралы ән» т.б әндер орындалды.
«Ақбота» үйірмесі <i>Жетекшісі:</i>	«Руханият» бірлестігінің онкүндігіне байланысты мектепшілік «Тапқыр	Нәтижесінде: I орын-«Іскерлер» тобы II орын-«Шеберлер» тобы

<i>Ізімова С.К.</i>	достар» ойыны	
	Тәуелсіздік күні	«Тәуелсіздік тұғырым» атты көрмеге, 10 білім алушының жұмысы қойылды.
	Наурыз айында өткен аудандық «Әжелер өсиеті» байқауы көрмесі	Нәтижесінде: III орын – Абдрахманова Гүлдерайым III орын – Булатова Әйгерім
	Наурыз айында мектепшілік «Шебер ару» байқауы өткізілді.	Нәтижесінде: I орын – Джулкатова Назерке II орын – Наурзова Бақыт III орын – Толыбаева Ботакөз
	Наурыз айында ұлттық бұйымдардан көрме ұйымдастырды.	Үздік оқушылардың жұмысы көрмеге қойылды./көрпешелер, бисермен жасалған жұмыстар, былғарымен жасалған жұмыстар/
	Ұлы Жеңіс күніне арналған көрмеге білім алушылардың жұмыстары қойылды	

Республикалық, аудандық оқушылар ұйымдарының қызметіне оқушылардың қатысуы; олимпиадаларды, жобаларды, сайыстарды, акцияларды, фестивалдарды, спорттық сайыстарды ұйымдастыру және оларға қатысу;

Түрі	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Олимпиада	16	0	0	0
Жобалар	3	0	0	0
Сайыстар	80	24	8	11
Фестиваль	15	4	0	0
Спорттық ойындар	24	9	0	0



Ұсыныстар:

1. Үйірме мен секция жұмыстарын жаңарту;
2. Оқушылардың үйірме мен секцияға көбірек қатысуын қамтамасыз ету.

18. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілермен әдістемелік жұмыс

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мектепте сынып жетекшілер кеңесі жоспарлы түрде жұмыс жасайды. Кеңеске даярлық тобы жетекшісінен бастап 27 сынып жетекші, мектеп жанындағы интернат тәрбиешілері (2) кіреді. Әр тоқсан сайын бірлестік отырысы өткізіліп, тәрбие жұмыстары қорытындыланып, проблемалық тақырыптарда пікірталас өткізіліп, сынып жетекшілер іс- тәжірибелері, өзін- өзі басқару ұйымының жұмыстары тыңдалады.

Мектепте ата-аналармен бірге жұмыс жүргізу жолға қойылған. Ата-аналар комитеті мұғалімдермен бірлесіп жұмыс жасайды. Әр тоқсан сайын отырыстар өткізіліп, мектептегі тәртібі төмен оқушыларды, оқу үлгірімі төмен оқушылар мен олардың ата-аналарының ісін қарап нәтижесін қадағалап жұмыстанып отырады. Ата- аналар комитетінің мүшелері типтік ережелерімен таныстырылып, олардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және жылдық жоспар жасалып, қоғамдық жұмыстары бөлініп, сынып жетекшілерімен бірге жұмыс жүргізеді.

Сынып жетекшілерінің ішінде жас мамандар да бар. Олар тәжірибелі сынып жетекшілерінен көмек, ақыл-кеңес, бағыт-бағдар алып отырады.

Сынып жетекшілер бірлестігінің жүргізілген жұмыстарына тоқтала кетсек, жоспар бойынша бірнеше бірлестік отырыстары және бірнеше семинар ұйымдастырылды.

Оқу жылының басында бірлестік отырысында тәрбие жұмысының меңгерушісі Умбеталиева А.Б. "ҚР Білім және ғылым министрі "Білім жүйесін жаңғырту-адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты" атты білім беру қызметкерлерінің тамыз конференциясында сөйлеген сөзін таныстыра отырып, сынып жетекшілерімен талқылады. Сонымен бірге осы отырыста жаңа оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен, нормативтік құжаттармен таныстырды. Сонымен қоса, "Мектепке жол" қамқорлық акциясына белсене қатысуға шақырды.

Қыркүйек айында жас мамандарға арналған бірлестік отырысында сынып жетекшілер ӘБ төрайымы Усенова С.У. "Сынып жетекшісі нені білу керек?" атты ақыл кеңестер мен көмекші нұсқаулар берді. ҚР сынып жетекшісі-сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп келістіріп, өткізетін педагог.

Сынып жетекшілерінің құқықтары: оқушылардың денсаулығы және психологиялық жағдайы туралы мағлұмат алып отыру, сынып оқушыларының сабаққа қатысымы және ата-аналармен тығыз байланыста болу.

Қыркүйек айының соңында семинар ұйымдастырылды. Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Усенова С.У. "2017-2018 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысын жоспарлау" тақырыбында баяндама оқыды. Екінші мәселеде бірнеше тақырыптар қамтылды. Хайрамбаева Г.Б. "Сынып жетекшісінің портфолиосы", "Сынып жетекшісі жұмысының мазмұны" тақырыптарын ортаға салып тиімді жақтарын айтып таныстырды.

Қазан айында бірлестік отырысында сынып жетекшілерінің арасында "Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу" атты үлкен мәселе талқыланды. Мектеп психологы Шапикова Г.Б. интерактивті тақтадан бірнеше слайдтар арқылы суицид тақырыбына байланысты жағдаяттарды көрсете отырып, сынып жетекшілеріне баланың ішкі жан дүниесіне тереңірек үңіле отырып, әркез баланың жанынан

табыла білуге шақырды. Сонымен сынып жетекшісінің тәрбиелік жұмыстағы ұстанымы атты баяндаманы Ахметкалиева С.Т. оқып шықты. Сынып жетекшілері өз ойларын ортаға салды.

Қараша айында кезекті "Жасөспірімдер мінез-құлқындағы ауытқушылықты түзету проблемалары :педагогикалық- психикалық аспектілер" атты семинар ұйымдастырылды, бірлестік жетекшісі Усенова С.У. интерактивті тақта арқылы "Бала көңіліне шуағымызды аямайық" атты тақырыпта слайдтар көрсетті.

Желтоқсан айында Ахметов С.Б. «Діни экстремизм дегеніміз не?» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Бастауыш сынып жетекшісі Сарсенбаева М.Д. "Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері " тақырыбында іс-тәжірибесін сынып жетекшілерімен бөлісе отырып, шығармашылық есеп берді. Мектепалды даярлық тобының бірлестік жетекшісі Танбаева Л.А. "Адамгершілік -асыл қасиет " тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

Қаңтар айында "Тәрбие жұмыстарының тиімділігі арттырудағы ата-аналар жиналысының ролі" тақырыбы аясында семинар болды. Бұл семинарда "Мониторинг және бағалау" және "Қамқор" қамқорлық акциясы тақырыптарына баяндамалар оқылды. Семинар барысында В.А. Сухомлинскийдің "Өз балаңызды сүйе отырып, оларды сізді де сүйеге үйретіңіз, үйретпесеңіз - қартайған шағыңызда көз жасыңызды төгесіз" даналық сөзін ортаға салып, отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері мәселесінде сынып жетекшілері өз ойларын ортаға ортаға салды. Мектеп психологы бірнеше тренингтер өткізді.

Ақпан айында 9-11 сынып жетекшілерінің арасында "Білім алушылардың кәсіптік бағдарлануы" тақырыбында бірлестік отырысы өткізілді. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды. Бұл тақырыптарда сынып жетекшілері Утешева Р.А. және Кондудева Ш.М. өз іс-тәжірибелерін ортаға салды. Мектеп психологы бірнеше тренингтер, пайдалы кеңестер ұсынды.

Наурыз айында "Білім беру ұйымдарында азаматтықты қалыптастыру және құқықбұзушылықтың алдын алу" тақырыбында семинар өткізілді. Бұл тақырыпта тәрбие ісінің меңгерушісі Умбеталиева А.Б. баяндама оқыды. Ауданымызда жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында прокуратура, ішкі істер , білім беру , денсаулық сақтау , еңбек және әлеуметтік қорғау органдары , қоғамдық ұйымдар мен ата-аналар қоғамы өкілдерінің қатысуымен "Түнгі қаладағы бала", "Жасөспірім", "Жазғы демалыс", "Бала және отбасы" бірлескен профилактикалық рейдтері жүргізілуде деп атап өтті.

Сәуір айында "Сынып ұжымымен жүргізілетін тәрбие жұмысын тәрбие жұмысын талдау схемасы " тақырыбы аясында бірлестік отырысы өткізілді. Бірлестік жетекшісі тиімді ұсыныстарды ұсынды.

1. Сынып ұжымы мен жеке оқушының қысқаша мінездемесі.
2. Өткен оқу жылында қойылатын тәрбиелік мақсат-міндеттер.
3. Тәрбие жұмысын ұйымдастырылу формасы
4. Тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары. (мазмұны).
5. Қоғамдастық және ата - анамен жұмыс.
6. Тәрбие барсында қолданылатын әдістер мен тәсілдер.
7. Тәрбие жұмысының нәтижесі.

Мамыр айында өткізілетін бірлестік отырысында "Педагогикалық диагностика әдістемесі" тақырыбында Умбеталиева А.Б. баяндамамен таныстырды. Сынып жетекшілерінің жұмыстарына қорытынды жасап, келесі оқу жылында қаралатын мәселерге тоқталды.

Тәрбие жұмысы бойынша жетістіктер мен кемшіліктер:

Жетістіктер	Кемшіліктер
Халықаралық «Ұстазым-ұлағатым» қашықтықтан өткізілген интернет байқауында «Эссе» номинациясының 11	- Ең үздік тәрбие сағаттарын бейне материалдарын жинақтау;

сынып оқушысы Камелешева Наргиза III орын жүлдегері атанды, мұғалімі Г.К.Утегалиева.	-Тәрбие сағаттарды білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай жоспарлап, өткізу;
Халықаралық программалау және инновациялық техникалық «Roboland 2018» байқауында III орынға иеленгендер Талапов Ерасыл, Талғатов Артур, Қабенов Қамқор, жетекшісі Б.Б.Шурин.	-Қосымша білім беру сабақтарының күнделікті сабақ жоспарлары жинақтау; -Ата-ана, мектеп, білім алушы арасындағы ынтымақтастықты нығайту
ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, композитор Донеділ Қажымов әндерін орындаушылардың II - ші Республикалық «Ақ Жайық-ару мекенім» ән фестиваліндегі шығармашылық жетістігі үшін ДИПЛОМАНТ атағымен Үміт Өтебалиева марапатталды.	
«Бақытты елдің ұрпағымыз» қорының ұйымдастыруымен өткен Республикалық «Дала сазы» атты байқауында «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша жоғары деңгейде 4 «Б» сынып оқушысы Ханимат Инабат, 2 «А» сынып оқушысы Ерболат Жасұлан өз өнерлерін көрсете білді.	
Халықаралық III –ші «Тоника» фестиваліне қатысып, жүлделі I орынды Умиралиева Аружан иеленді.	
Республикалық «Ұлы Дала Ұрпағымыз» Балалар мен жастар байқауында «Аспапта орындаушылық өнері» номинациясы бойынша жоғары деңгейде көрсеткені үшін Қажыкен Наргиза марапатталды.	
Облыстық «Чтение как увлекательное Занятие-2017» лингвистикалық интеллектуалды турнирінде 11 сынып оқушысы Камелешева Наргиза қатысып, сертификатпен оралды, мұғалімі Г.К.Утегалиева	
Сырым ауданының ұйымдастыруымен өткен VI облыстық «Қадыр оқулары-2018» байқауында «Қуып шығар қызыл сөзді ой кейін...» бөліміне 6- сынып оқушысы Темирова Әсемгүл қатысып, алғыс хатқа ие болды. Сонымен қатар «Сөздің бәрі күдіретті» бөліміне 7- сынып оқушысы Ислямова Гүлмира қатысып, алғыс хатқа және III орынға ие болды, мұғалімі Ш.М.Кондудаева.	
«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қолөнер шеберлері» атты облыстық сәндік –қолданбалы өнер байқауының «Бисермен	

жұмыс» номинациясы бойынша III орын алғаны үшін Любченко Анастасия марапатталды, мұғалімі М.Б.Уразаева.	
«Туған жер» бағдарламасы шеңберінде облыстық «Экологиялық патруль» байқауында «Экологиялық патруль» номинациясы бойынша II орын иеленгені үшін 8 «А» сынып оқушылары Киреева Наргиза, Умиртаева Ирайда, Бикмурзина Жания, Тлеккабылова Жангүлім, Бақытжанова Айнакөз марапатталды. Жетекшісі: Зиналиева А.Ж., Сабитова А.А. (30 мамыр 2018ж.	
Аудандық оқушылардың «Балалар даму академиясы» аудандық іздестіру-зерттеу конференциясында «өзіміздің аймақта сыртқа шығатын туризмді дамыту» атты туризм секциясында III орынды 8 «Б» сынып оқушысы Оразаева Наргиза иеленді, мұғалімі С.Б.Ахметов.	
«Кітап-достық көпірі» атты ұлттар әдебиетінің облыстық «Беларус әдебиетіндегі менің сүйікті шығармам» секциясы бойынша Киреева Наргиза марапатталады, мұғалімі Г.О.Султангереева.	

Ұсыныстар:

1. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы, білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспары, Таскала аудандық білім бөлімі, дене шынықтыру және спорт бөлімінің 2015-2020 жылдарға арналған бағдарламасын негізінде жүргізілген жұмыстарды қорытындылай отырып, мектебіміздің тәрбие жұмысының іс- тәжірибесін жинақтау, әдістемелік құрал даярлау және баспаға ұсыну.
2. Аталған тәрбие жұмысы тақырыбы жалғастырылсын. Үздік класс жетекшілер, оқушылар марапаттауға ұсынылсын.
3. Тәрбие жұмысы бойынша 3 А сыныбын «Тәрбие және әлеуметтендіру» тақырыбындағы аудандық эксперименттік алаң ретінде алу.

2017-2018 оқу жылында өткізілген психологиялық қызмет туралы есеп

Жалпы орта білім беретін мектептегі психологиялық қызметтің мақсаты — оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісінің қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету.

Қойылған мақсатқа жету үшін психологиялық қызметтің міндеттері анықталады. Бұлар: оқушылардың тұлғалық және интеллектуалды дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру, ақпараттық қоғамның жылдам дамуына олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету, психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуметін дамыту, психологиялық қиыншылықтар мен оқушылардың проблемаларын шешу бойынша


психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету, білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін көтеру. Психологиялық қызметінің жұмысы, оқу жылы басында құрылған жоспар бойынша жүргізілді. Жоспар негізгі психологиялық бағыттары бойынша жазылған. Жұмыс жеке және топтық түрінде өткізілді. Оқу үрдісінің субъектілерінің сұранысы бойынша психологиялық кеңес беріледі және диагностикалық жұмыстар өткізіледі.

Қыркүйек айында **бірінші сынып** оқушыларының мектепке бейімделу деңгейлері анықталды. Бірінші сыныптарда барлығы 29 оқушы. 1 «А» сыныбында 18 оқушы. Сынып жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі М.Д. Сарсенбаева. 1 «Б» сыныбында 11 оқушы. Сынып жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Т.Т. Ашигалиева.

Психологиялық сараптама бойынша бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделу көрсеткіштері әртүрлі екендігін көрсетті.

	1 «А» сынып М.Д. Сарсенбаева		1 «Б» сынып Т.Т. Ашигалиева		Барлығы	
Оқушылар саны	18		11		29	
Жоғары деңгей	7	39%	4	37%	11	38%
Ортадан жоғары	3	17%	3	27%	6	21%
Орташа деңгей	4	22%	2	18%	6	21%
Ортадан төмен	3	17%	1	9%	4	14%
Төмен деңгей	1	5%	1	9%	2	6%

Жалпы бірінші сынып оқушыларының бейімделу деңгейлері



Бейімделу кезінде оқушылардың арасында мүлдем бейімделе алмай жүрген бала болған жоқ. Сабаққа бәрі жақсы қатысады. Оқушылардың 59 % бейімделудің жоғары және ортадан жоғары көрсеткішін көрсетті. Олардың оқуға деген ынтасы өте жоғары және оқу бағдарламасын өте жақсы меңгереді, үнемі мектепке жақсы көңіл күймен келеді. Оқу жылдамдықтары жоғары. Оқушылардың көбі өз ойларын ашық айтуға тырысады, сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыра алады, сұрақтарға, жұмбақтарға жылдам жауап береді. Заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыру біледі.

Бірінші сынып ата-аналарының арасында өткізілген сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналарда мектепке деген жағымды көзқарасы қалыптасқан. Ата-аналардың көбі балалары мектепке жақсы бейімделіп жатыр деп санайды. Бірақ, баласының мектеп бағдарламасын меңгеруге қиналатынын және кейде мектепке барғысы келмейтіні аландататын да ата-аналар анықталды. Оқу – тәрбие үрдісінің ұйымдастыруына қанағаттанарлықпен қарайды, мұғаліммен қарым-қатынасы жақсы. Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарының көбі өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайды, үй тапсырмаларын орындауға көмектеседі, мектепте, сыныпта өткізілетін шараларға белсенді атсалысып қатысады.

Мұғалімдер мен ата-аналарға оқушылардың оқу мотивациясын жоғары деңгейде сақтау және мектепке қызығушылықты қалыптастыруын жалғастыруға, мектеп бағдарламасын жақсы меңгеретін оқушыларға қиындығы жоғары, қабілетіне сай тапсырмаларды беруге, бейімделу деңгейі ортадан төмен көрсеткіші анықталған оқушыларға ерекше көңіл аударып, түзету жұмысы барысында жеке жұмыстанып, сөздік қорын көбейтуге, анық ойларын жеткізуге, сурет арқылы әңгіме құрастыруға, кеңістік қиялдарын дамытуға және оқу мотивациясын көтеруге кеңестер берілді.

Орта буынға жаңадан келген оқушыларға психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді, мақсаты оқушыларға бесінші сыныпта жақсы бейімделу үшін психологиялық көмек көрсету, балаларға өз-өздерін тануға, сезімі мен қабілетін түсінуге көмек көрсету және оқушылар арасында үрей, қорқыныш деңгейлерін анықтап психологиялық дайындық орнату. Сабақтар түрлі әдіс көмегімен өткізіледі, бұл тренингтер, коррекциялық сабақтар, әңгімелесу, релаксациялық жаттығуларды орындату және сурет салғызу.

Бесінші сынып оқушыларының арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың бәрінде мектепке деген жағымды көзқарасы қалыптасқаныны байқалды. Оқушылардың 100% мектепке жақсы көңілмен барамын деп айтады, сынып жетекшілері өте ұнайды.

Ата-аналар арасында өткізілген сауалнама қорытындысы бойынша сыныпта жақсы психологиялық ахуал қалыптасқаны анықталды. Ата-аналардың 100% балаларының мектепке жақсы көңілмен баратынын айтады.

Бесінші сынып оқушыларымен жұмыстану барысында 1. Оқушылардың орта буынға бейімделуі барысында жұмысты жалғастыру; 2. Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында психологиялық зерттеу қорытындысы есепке алынып, мектептегі қобалжу ортадан жоғары деңгейі оқушыларымен жеке түзету жұмыс өткізілеуі қажет деген ұсыныстар берілді.

Мектебіміздің **Ресурс орталығында** оқу жылы барысында үш сессия өтті. Барлығы магниттік мектептерден 31 оқушы келген. Сессия кезінде бейімделмей, оқу-тәрбие үрдісіне қосыла алмай жүрген оқушылар болған жоқ.

Апта бойы күн сайын мектеп психологі кабинетінде оқушыларға өз көңіл-күйлерін байқауға жағдай жасалды. Көңіл-күйлерін анықтау үшін смайликтер қолданылды. Әр оқушыға парақ ашылып, күн сайын толтырылды. Көбінесе көңіл күйлері жақсы, көтеріңкі болды. Келген оқушылар мектептің балаларымен жылдам тіл табысып кетті. Соңғы күн жеті оқушы көңіліміз мұнды деп жауап берді, себебі «Мында үйрендік, балалармен қоштасқымыз келмейді»- деп айтады.

Сонымен қатар жоспарға сай тоғызыншы сынып оқушыларына «Өмір, қымбатсын сен маған!» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты оқушыларда өмірге деген жағымды көзқарас қалыптастыру, әрқашан жақсылыққа сенуге, өз өмірін бағалауға бағыттау. Оқушылар өте жақсы, жоғары қызығушылықпен қатысып, өз ойларымен бөлісіп жеткізе білді.

Суицидтік іс-әрекетті алдын алу барысында депрессивтік жағдайды анықтау Зунге тест бойынша диагностикалық жұмыс жүргізілді. Диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша бір оқушы жоғары қауіп қатер тобына жатқызылып, емханаға жолдау алды. Наурыз айында суицидтік іс-әрекетті алдын-алу бойынша педагогикалық кеңесте «Тәрбие үрдісінде жасөспірімдер арасында суицидті алдын алу жұмыстары» атты баяндама оқылды

Психологиялық алдын алу, кеңес беру бағыттары бойынша жұмыс жүргізіледі. Оқу жылының басында жоғарғы сыныптарда аутодеструктивті мінезді алдын алу мақсатында «Мен өмірді тандаймын!» атты тренинг-сабақтары жүргізілді. Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен өз мінез-құлықтарына жауапкершілікпен қарау, мектеп ережесін бұзбауға үйрету, бағыт беру мақсатында әңгімелесу жүргізілді. Ата-аналармен оқушыларды психолог кабинетінде қабылдап, тәртіпті дұрыстау, қарым-қатынастағы қиыншылықтарды жеңу жолдары бағытында психологиялық кеңестер беріледі. Мектепте «сенім поштасы» жәшігі

орналасқан. Балалар өз сырын, шешімін таба алмайтын сұрақтарын сол жәшік арқылы қояды. Поштаға суицидтік ой көрсеткен мазмұнды хат түскен жоқ.

Діни экстремизмді алдын алу барысында мектеп психологы жұмысын жоспарлап, барлық психологиялық бағыттарда және оқу-тәрбие үрдісінің барлық субъектерінің жасаралық ерекшелігін ескеруімен ұйымдастырады.

Алдын алу жұмыстары жеке және топтық түрінде өткізіледі. Оқу үрдісінің субъектілері сұранысы бойынша психологиялық кеңес беріледі. 7-8 сынып оқушылары арасында «Діни экстремизм туралы не білеміз?» атты сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың сапалық қорытындысы бойынша оқушылардың көбінде дінге деген дұрыс көзқарас қалыптасқан. Жағымсыз, дәстүрлі емес дінді қолдайтын оқушылар анықталған жоқ. Сауалнама барысында отбасында да діни ағымдарға да дұрыс бетбұрыс қалыптастыру бағытында ойлар, әңгімелер қозғалып отыратынын көрсетті. 8-9 сыныптар арасында «Дін және мен» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Бұл дөңгелек үстелдің мақсаты оқушыларға діни экстремизм туралы білім беру, теріс діни ағым дегеніміз не екендігін тренингтер арқылы жеткізу, діни сауаттылықты қалыптастыру. Дөңгелек үстел барысында тақырыпқа байланысты бейнебаян көрсетіліп, тарих пәні мұғалімі оқушыларға діни ағымдар, дүние жүзінде қанша дін бар екендігі туралы ақпарат берді. Дөңгелек үстелге оқушылар белсенді қатысып, өз ойларымен бөлісті, теріс діни жолға қандай адамдар және неліктен бет бұратындары туралы мысалдар келтіріп, ойларымен бөлісті және өздеріне қосымша ақпараттар алды.

2018 жылдың 18 сәуірінде мектепте педагогтар мен ата-аналардың қатысуымен «Діни экстремизмнің алдын алуы» тақырыбында жиналыс өтті. Жиналысқа аудандық мешіттің имамы мен теолог маманы қатысты. Мұнда діни экстремизм және теріс діни ағымдар туралы мәліметтер беріліп, алдын алу жолдары айтылды.


ҰБТ-ге психологиялық дайындық жұмыстары барысында мектеп психологы жұмысын жоспарлап, барлық психологиялық бағыттарда жұмыстанады.

Психологиялық кеңес беру және алдын-алу бағытында 11 сынып оқушыларына «Болашақтағы мамандығым» атты әңгімелесу жүргізілді. Әңгімелесуге 11 оқушы қатысты. Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандық жолын елестетуге көмектесу, таңдаған мамандықтарын нақты білу, мамандықтың адам алдындағы қойылатын талаптарын оқушылардың темпераменттерімен сәйкестендіру. Әңгіме барысында оқушылар мамандық түрлерін еске түсіріп, өздері қалаған мамандық туралы қосымша мәліметтер алды. Таңдаған мамандықтары бойынша талаптары мен міндеттерін біліп, нақты таңдау жасағандарын айқындады.

Э. Ховардтың «Сресс-тест» өткізілді. Сауалнамаға 11 оқушы қатысты. Сауалнама 15 сұрақтан және жиі, кейде, сирек деген көрсеткіш жауаптарымен берілген. Оқушылар бірден барлығы сауалнамаға кірісіп орындады. Қорытындылай келе оқушылардың барлығы среске орташа деңгейде ұшырайтыны анықталды. Стресстің оқушыларға әсері орташа көрсеткіште екені көрінді. Оқушылармен стрессті жеңу жолдары бойынша жұмыстану ұсынылды.

Оқушыларға Кондаштың «Үрейлену шкаласы» әдістемесі өткізілді. Оның мақсаты үрейлену деңгейін диагностикалау, яғни әлеуметтік-ситуативті үрей шкаласын анықтау. Сауалнамаға 14 оқушы қатысты. Сауалнама жауаптары шкаланың 5 деңгейі бойынша қарастырылды: Қалыпты, қалыптыдан жоғары, жоғары, өте жоғары, жайлылық. Оқушылардың жауаптары бойынша келесідей нәтиже анықталды:

Қатысқан балалар саны	14	
Қалыпты деңгей	6 бала	43 %
Қалыптыдан жоғары	3 бала	21 %
Жоғары	0	0
Өте жоғары	0	0
Жайлылық	5 бала	36 %



Анықталған көрсеткіштер бойынша 6 балада үрейлену шкаласы қалыпты деңгейде, 5 балада жайлылық сезімі басым екендігі байқалады.

Психологиялық ағарту бағыты бойынша «Менің болашақ мамандығым» атты дөңгелек үстел өтті. Өткізілген іс-шараның мақсаты оқушыларға мамандық туралы ақпарат беріп, әр түрлі мамандықтар иелерімен таныстырып, мамандық таңдау жолында кеңестер беру. Ең алдымен мамандық таңдау туралы бейнебаян көрсетілді. Дөңгелек үстел тақырыбы ашылған соң, келген мамандармен танысып, сұхбат алынды. «Ең күшті мамандық» тренингі өткізілді. «Мамандық таңдаудың алақандағы құпиясын ашу» тренингі – алақан сызықтары бойынша мамандық саласын анықтау. «Мен және менің болашақ мамандығым» жаттығуы. Оқушылар өз мамандықтарының суреттерін салды. Сурет салып болған соң суреттері ортаға салынып талқыланды. Дөңгелек үстелдің соңында мотивациялық бейнебаян көрестілдi. Дөңгелек үстел барысында оқушылардың барлығы белсенді қатысып және келген қонақтарға өздерін қызықтыратын сұрақтарын қойып отырды.

ҰБТ-ге қатысушылардың сынақ алдындағы қобалжу, мазасыздану сезімдерінен арылуға көмек беру, бойларында сенімділік пен тұрақтылық орнатуға бағыт бағдар, кеңес беру мақсатында 11 сынып оқушыларына «Сенімділік күш береді» тренинг сабағы ұйымдастырылды. Ең алдымен оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнатуда «Бумба-Юмба» жаттығуы өткізілді, соңында оқушылар көңіл-күйлерімен бөлісті. Сәлемдесіп болған соң тренинг ережелерімен танысты: белсенді қатысу, бірін-бірі тыңдау, сыйлау, ойын ашық айту, бір-бірін сынамау, ынтымақтылық. «Сенімді-сенімсіз» жаттығуы. Мақсаты: оқушылардың «сенімділік» сөзіне терең үніліп, ой жүгіртулеріне ықпал жасау. Оқушылар үш топқа бөлініп, «Сенімді адамның портреті», «Сенімсіз адамның портреті», «Адам өзіне сенімділігін арттыру үшін қандай әрекеттері жасау керек?» тақырыптарында постер қорғап, өз ойларымен бөлісті. Сынып ішінде бір-біріне сенімділігін арттыру мақсатында «Сыныптастарым, мен сендерге сенемін» жаттығуы өткізілді. Жаттығу барысында бір оқушы шығып, «Мен сендерге сенемін» деп, артқа қарап шалқадан құлау керек, және сыныптастары оны жерге құлатпай артынан ұстап алулары қажет. Жаттығу соңында талдау өткізілді, оқушылар өздерінің жаттығу орындаған кезде қандай сезімде болғандарын айтты, барлығы жақсы көңілде екендігі байқалды. Жаттығулардың соңында ҰБТ тапсыру кезінде ең қажетті сапалар қандай екендігі айтылды:

- Бір істен екіншіден ауысып кету;
- Іс-әрекеттің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы;
- Жоғары және тұрақты жұмыс қабілеті;
- Жоғары деңгейлі зейін тұрақтылығы;
- Ішкі әрекет жоспарының қалыптылығы.

Тренинг-сабағының соңында оқушылар «Не үйрендім? Қандай сабақ алдым?» деген сұрақтарға жауаптарын стикерге жазып жабыстырды және өз ойларын, тілектерін айтып, белсенділік танытты.

Ата-аналармен жұмыс бағытында, ата-аналарға кеңес ретінде «Емтиханға дайындалудың тиімді жолдары» атты жадынамалар таратылды. Мұнда, емтиханға дайындық

кезінде бала қалай тамақтану керек, күн тәртібінің қандай болуы қажет, қалай сабақтарын дайындау мақсатында кеңестер жайлы сөз болды.

Есебімді қорытындылай келе атқарған психологиялық қызметтің жағымды жақтарына көңіл бөлгім келеді:

- Оқу-тәрбие процесінің субъектілерімен жаңа интерактивті түрде шаралар өткізілді;
- Сабақтастықты қолдау шаралары жүйелі өткізіліп, әр баланың бейімделу жағдайлары нақты қаралды;
- Оқушылар бойында аутодеструктивтік мінез-құлық фактілері тіркелген жоқ;

Психологиялық қызметіне 2018-2019 оқу жылына келесі мақсат қойылады:

мектепте білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

1. Мектепішілік есепте тұрған, өмірдің қиын жағдайына түскен балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету жұмыстарын күшейту;
2. Әр баланы жеке қолдаумен қамтамасыз ету мақсатымен педагогтармен ата-аналардың құзыреттілігін кеңейту;
3. «Алтын ұя» ата-аналар клубының жұмысын жалғастыру;
4. Келесі бағдарламалар бойынша сабақтарды жалғастыру:
 - ✓ «Жетістікке жол» мектеп бітіушілерімен;
 - ✓ «Орта мектепке жаңадан келген оқушы» бесінші сынып оқушыларымен;
 - ✓ «Мектепке алғашқы қадам» бірінші сынып оқушыларына;
 - ✓ «Жас маманға көмек» жас мұғалімдермен
 - ✓ «Мамандық әлемі» жоғары сынып оқушыларына
5. Әдістемелік тақырып бойынша жұмысты жетілдіріп, іс-тәжірибені облыс, республика көлемінде тарату;

Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ әлеуметтік педагогтің 2017-2018 оқу жылына арналған сараптамасы

Әлеуметтік педагог өз қызметін үш бағытта жүргізеді:

- балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп, сараптайды және өндейді;
- социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік – педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсынады;
- баланың жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасап, оқу мен тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оңды көзқарас қалыптастыру, бала тұлғасы дамуының бұзылу себептерін анықтап, алдын ала сақтандыру шараларын жүргізу, үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтар мен балалардың психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуын қамтамасыз ету.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күні ең өзекті мәселенің бірі болып тұр. 1989 жылы БҰҰ қабылдаған «Бала құқы туралы конвенция» мазмұны негізі 4 талап қояды.

1. Баланың өмір сүру құқы.
2. Баланы қорғау.
3. Дамуына жағдай жасау.
4. Қоғамдық өмірге белсене араласу құқын құрметтеу.

Негізгі басымдық – баланы қайсыбір себептері болмасын кемсітпеу. Мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмысы сол талаптардың орындалуына бағытталған.

Әлеуметтік педагогтың әрбір оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары жасалып, мектеп директорымен бекітілді. Жоспарда бірнеше бағыттар қамтылған.

1. Қамқорлыққа алынғандармен жұмыс.

2. Жанұямен жұмыс (жанұяның тіршілік ортасын зерттеу).
3. Әлеуметтік ортадағы.
4. Профилактикалық алдын алу шаралар.
5. «Қиын», даму мүмкіндіктері шектеулі және бала жасынан мүгедек балалармен жұмыс.
6. Қорғау қызметі.
7. Ұйымдастыру жұмыстары.
8. Диагностикалық қызмет.
9. Кәсіптік бағдар беру жұмысы.
10. Қоғамға жат қылықтардың алдын алу (суицид т.б.).
11. Мектепке дейінгі ұйыммен байланыс.
12. Әлеуметтік – педагогикалық қызмет.

Оқушылардың тәрбиесіне, оқуына, дамуына әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында мектепте және тұрғылықты жерінде, жеке тұлғаны қоғамдық өмірге бейімделуі үшін түрлі шаралар жүргізілді. Оқу жылында «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары өткен кезде аз қамтылған және көп балалы жанұядағы оқушыларға жалпыға бірдей қорынан киім – кешекпен үнемі көмек көрсетіледі. Сонымен қатар қамқорлықтағы, патронаттық тәрбиедегі оқушылар мектепте бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Жылына екі рет балалардың тұрмыс жағдайы тексеріліп, патронаттық тәрбиешілерден жылына 3 ай сайын, қамқоршыдан жылына бір рет есеп алынады.

2017-2018 жылдары қазан айында қамқорлықтағы балалардың тәрбиешілеріне бала тәрбиелеудегі ұшан-теңіз өлшеусіз еңбектері үшін алғыс білдіру мақсатында қамқоршылар күніне арналған «Қамқорлық күні» атты мерекелік кеші өткізілді. Кешімізде арамызда көп жыл бойы тек өз балаларының ғана емес, жалпы бала тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарап, жүрек жылуын беріп, аялап, қамқорлық көрсетіп жүрген қамқоршы ата-аналар қатысты. Мектеп директоры сөз сөйлеп, алғыс хат пен сыйлықтар табыс етті.

Қамқорлықтағы оқушылармен жыл бойы сурет салу, тренинг сабақтары т.б. жұмыстар жүргізіледі. Жыл сайын мектеп бойынша оқу жылы басында жанұяның тіршілік ортасын зерттей отырып, мектептің әлеуметтік құжаты жасалады. Әрбір сыныптағы сынып жиналысына қатысып, әр түрлі ата – аналарға арналған тренинг, жаттығу, сауалнама, тестер жүргізілуде. Мектептің жанындағы балабақша бойынша және мектеп бойынша ата – аналарымен жүргізілген сауалнаманың қорытындысы.

Профилактикалық алдын алу шаралардың бірі нашакорлық, ішімдік, темекі шегу алдын алу мақсатында мектепте «Біз өмірді таңдаймыз» атты мектепішілік шара 1-4, 5-11 сынып ата-аналарына анкета жүргізілді.

Ы.Алтынсарин ЖББОМ бойынша 2017 – 2018 оқу жылында мектепішілік бақылауда «қиын» балалардың қатарында 5 оқушы тұр.

Бұл балалар тек қана мектепішілік бақылауда тұрады, ІІБ есебінде 2 оқушы (Кажмуканов Нурхат, Тлекқабыл Архат) есепте тұр.

3 сәтсіз отбасылар (Мевсимов Сергей, Насырова Клара, Мулдашев Аманжол) есепте тұрған. Әрі қарай бұл балаларды осы қатардан шығару мақсатында мектептің психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, тәлімгер, мектеп әкімшілігі жұмыстануда.

Бұл отбасылардың тұрмыс жағдайы жылына бір рет тексеріледі, бірақ, ата – аналарымен үнемі кездесіп, әңгіме жүргізіледі. Жыл бойы ата – аналарды мектептегі шараларға, мерекелерге, сайыстарға қатыстырып, қайырымдылық акциясы кезінде, басқа да қиындық туған кезде демеушілік көмек көрсетіледі. Жайсыз отбасындағы балалар да назардан тыс қалмайды.

Оқу жылының басында «Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс» тақырыбында педконсилиумның отырысы, қаңтар – ақпан айлары мектеп директордың жанындағы кеңесінде «Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың жағдайы» зерттеліп, анықтама жазылады, талқыланады. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың жағдайы жан – жақты зерттеледі. Әлеуметтік педагог, мектептің психологы, қосымша білім беру педагогы өздерінің жұмысы

туралы айтып, әрі қарай жұмысты жандандыру мақсатында ұсыныстарын білдіріп, шешім шығарылады.

2017 – 2018 оқу жылының наурыз айында ПДПК 5 оқушы бала жасынан мүгедек, 12 бала даму мүмкіндігі шектеулі, 1 бала оқуға жарамсыз.

Әлеуметтік педагог қызметінің 2017-2018 оқу жылының жұмысын қорытындылай келіп, биылғы оқу жылында алға қойылған міндеттер айқындалды:

- ата – аналармен жұмысты жандандыру;
- жайсыз отбасымен қарым – қатынасты күшейту;
- жанұяны салауаттылыққа, тән мен жан сұлулығына негіздеу;
- қиын топқа жататын оқушылармен жұмыстану;
- оқушылар, ата – аналар, ұстаздар қауымен бірлескен түрде суицид мәселесінің алдын – алу.

Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББ мектебіндегі 2017-2018 оқу жылдарындағы қосымша білім беру педагогының мәтіндік есебі


Ыбырай Алтынсарин атындағы ЖОББ мектебінде дарынды балалармен жұмыс бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Соның ішінде: академиялық, спорттық, музыкалық, көркем сурет және қолданбалы өнер бағытында. Оқу жылының басында дарынды балалармен жұмыс жоспары құрылып іске асырылады. Жұмыс жоспары «Дарын» орталығының, «Жас натуралисттер станциясының» және аудандық туристтер станциясы жұмыс циклограммасына сай құрылды. Мектептің дарынды оқушылармен жұмысының негізгі мақсаты: оқушылар арасында дарындылығын анықтап, тізімі бекітілді.

Мектепте 375 оқушы арасынан 375 академиялық дарындылық (факультатив, таңдамалы, қолданбалы курстар, олимпиадалар), 60 психомоторлық дарындылық (спартакиадалар, турслеттер, президенттік тест), соның ішінде туризм бағыты бойынша – 45 оқушы, 19 аудандық саз мектебіне баратын оқушылар, 55 көркем сурет, 74 интеллектуалды дарындылық, 122 оқушы балалардың мектептен тыс жұмыс орталығына баратыны анықталды.

Мектеп мұғалімдері тарапынан әрбір дарынды оқушымен жеке жоспары құрылып, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне және қабілеттеріне байланысты жұмыс жүргізіледі. Сонымен қатар, дарынды оқушылардың арасынан «Дарын» атты оқушылардың ғылыми қоғамы құрылып, аталған қоғам мүшелері мектеп оқушыларының белсенділігін арттыру мақсатында жұмыс жүргізіледі. Аталмыш ұйымның жұмысының мақсаты мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу конференцияларына және интеллектуалдық сайыстар мен байқауларға қатысуын қадағалап, әзірленуге көмек беру.

Әртүрлі байқаулар мен конференцияларға белсене қатысқан оқушылар саны.

Оқу жылы	Жеңімпаздар
2015-2016	101
2016-2017	112
2017-2018	166




Ғылыми жұмыспен айналысатын пән мұғалімдерімен оқушылар жақсы нәтиже көрсетіп, көптеген жетістіктерге қол жеткізді.

Аудандық пән олимпиадалардың көрсеткіштері

Оқу жылы	Қатысқандар саны	Жеңімпаздар саны	1-орын	2-орын	3-орын	%
2015-2016	12	6	1	1	4	50
2016-2017	15	10	4	1	5	67
2017-2018	19	11	2	2	7	58

№	Аты-жөні	сыныбы	орыны	пәні	жетекшісі
1	Мәсел Еламан	10 «Б»	I	Қазақстан тарихы	Ажғалиев Т.У.
2	Кәрімова Гүлдана	10 «А»	III	орыс тілі мен әдебиеті	Измагамбетова А.Х.
3	Емелина Анна	11 «Б»	III	орыс тілі мен әдебиеті	Утеғалиева Г.К.
4	Қошқарбаев Әбубакир	11 «А»	II	Қазақстан тарихы	Ажғалиев Т.У.
5	Гайнуллина Мерейім	8 «А»	III	Қазақстан тарихы	Ажғалиев Т.У.
6	Мендығалиева Аяжан	10 «Б»	III	ағылшын тілі	Суюнғалиева А.Ж.
7	Булатова Әйгерім	9 «А»	III	ағылшын тілі	Исамбаева Г.К.
8	Оразаева Наргиз	8 «Б»	III	биология	Кахова А.М.
9	Таштимиров Досымбек	8 «Б»	III	география	Абдрахманова К.С.
10	Сапиева Дильназ	9 «А»	I	химия	Ахметова А.Н.
11	Мақсұтова Аягөз	10 «А»	II	химия	Ахметова А.Н.




2017-2018 оқу жылы Республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңіне мектептің **19** оқушысы қатысып, олардың **11** жүлделі орындарға ие болды.

Оқушылардың аудандық ғылыми- жоба конференциясының көрсеткіштері:

Оқу жылы	Қатысқандар саны	Жеңімпаздар саны	1-орын	2-орын	3-орын	%
2015-2016	10	5	1	1	3	50
2016-2017	6	1	1	0	0	17
2017-2018	4	3	1	2	0	75

2017-2018 оқу жылы аудандық ғылыми-жоба конференциясына мектептің 4 оқушысы қатысып, олардың 3-і жүлделі орынға ие болды. Оразаева Нариза облысқа жолдама алды.

№	Оқушының аты-жөні	Сынып/оқыту тілі	секция	тақырыбы	мұғалімі
1	Оразаева Наргиза	8 (қазақша)	информатика	«Автоматтандырылған киіз үй»	Б.Т.Сатыбалдиева
2	Сапиева Дильназ	9 (қазақша)	тарих	«Тасқала ауылының бал бұлақтары»	С.Б.Ахметов
3	Булатова Айгерім	9 (қазақша)	химия	«Судың адам өміріндегі маңызы»	А.Н.Ахметова




Оқушылардың ғылыми жоба жарыстарына, пәндік олимпиадаларға, түрлі танымдық байқауларға қатысуын қамтамасыз ете отырып, дарынды тұлғаны дамыту. Үш жылда атқарылған жұмысқа сараптама беретін болсам, арнайы курстармен қамтылған оқушы саны:

2015 жылы – 182 оқушы;

2016 жылы – 220 оқушы;

2017 жылы – 280 оқушы.




Факультатив және үйірмелерде қамтылған оқушы саны:

2015 жылы- 204 оқушы;

2016 жылы – 287 оқушы;

2017 жылы – 310 оқушы.



Бастауыш сыныптарда таңдау курс бағдарлама үлгісі аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген. 1-4 сыныптарда «Көркем жазу», «Орамды сөз-ой көркі», «Шешендік өнер әліппесі», «Тіл патшалығы», «Логикалық ойлауды дамыту», «Шешендік өнер әліппесі», атты таңдау курстары және факультативтерін бастауыш сынып мұғалімдері өткізеді. Сабақтар кестеге сай өткізіліп әр мұғалімнің жоспарлары оқу жылы басында құрылып, бекітілген. Мұғалімдер жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен дайындалады, ғаламтордан, кітапханадан тақырыпқа сай мәліметтерді қосымша ізденіп, оқушыларға деңгейлі тапсырмаларды орындатады. Оқушылардың абстрактілік ойлау деңгейі ой түйіндеуге, танымдылық тапсырмалар шешу кезіндегі логикалық ой қорытуға мүмкіндік беретін «Логика және математика», «Мир математики логики», «Ритмика», «Знатоки русского языка» т.б. бағдарламалардың жұмыс жүргізу осындай тапсырмалар орындау кезінде қажетті машықтық пен біліктілікті дамытуға көмектеседі. Бағдарламада көңілді бой сергіту жаттығулары, логикалық ой қорыту, сандық ребустар мен есептеулер, сөзжұмбақтар берілген. «Мен елімнің патриотымын», «Драма» (мұғалімі: Сарсенбаева М.Д.), «Көркем жазу» (Ахметкалиева С.Т., Кондудаева З.Е., Буентаева Г.А., Куспанова Б.И.), «Қызықты математика» (мұғалімдері: Ахметкалиева С.Т., Кондудаева З.Е.), «Мир математики и логики» (мұғалімі: Ашигалиева Т.Т., Сапакова А.Б., Сидагалиева Г.Д., Ульданова Т.В.), «Штриховка» (мұғалімі: Ашигалиева Т.Т.), «Ғажайып табиғат» (мұғалімдері: Умиралиева А.Р., Камидуллина А.К.), «Орамды сөз – ой көркі» (мұғалімдері: Умиралиева А.Р., Камидуллина А.К.), «Логикалық ойлауды дамыту», «Логика және математика» (мұғалімі: Мухамедрахимова Г.Ж.), «Шешендік өнер әліппесі» (мұғалімдері: Мухамедрахимова

Г.Ж., Буентаева Г.А.), «Тіл патшалығы» (мұғалімі: Буентаева Г.А., Куспанова Б.И.), «знатоки русского языка» (мұғалімдері: Сидагалиева Г.Д., Ульданова Т.В.) ауызша қосу мен азайту тәсілдері бар амалдарды орындаудың кестелік жағдайларына, сандардың қасиеттеріне және қосындыны санға арттыру мен кеміту ережелеріне негізделі енгізілген. Бағдарламада берілген барлық танымдық тапсырмалар оқушының математикаға деген қызығушылығын арттыра түседі. Балалардың танымдық қабілеттерін дамытып пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында мұғалімдер дидактикалық материалдар мен қызықты тапсырмаларды тиімді пайдаланады. Мысалы: математикалық викториналар, ребустар, логикалық есептер, математикалық эстафета, сөзжұмбақ шешу. Осының барлығы оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Нәтижесінде оқушылар кеңістік денелерді, геометриялық фигураларды ажыратып, логикалық ойды дамытуға арналған білімдерді меңгереді. Математикалық тілде сөйлесуге машықтанып, ой-өрісін, қабілетін дамытады.

5-11 сыныптардағы таңдау курстары мен факультатив бағдарлама үлгісі аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген. 5 «А» сыныбында: «Тіл білімі негіздері» (Кондудаева Ш.М.), «Палитра» (мұғалімі: Сапаров А.Г.), «Ырғақ және би» (мұғалімі: Шамшитова А.С.), 5 «Б» сыныбында «Краеведение» (мұғалімі: Дакишева Э.М.), 6 «А» сыныбында «Қадыртану», «Қазақ тілінің морфологиясы-тілдің қуатты құралы» (мұғалімі: Ізімова С.К.), 6 «Б» сыныбында «Қазақ тілінің морфологиясы-тілдің қуатты құралы» (мұғалімі: Кондудаева Ш.М.), «Ырғақ және би» (мұғалімі: Шамшитова А.С.), 7 «А» сыныбында «Қазақ тілінің морфологиясы-тілдің қуатты құралы» (мұғалімі: Кондудаева Ш.М.), «Робот техникасы» (мұғалімі: Кубашова Ш.К.), 8 «А» сыныбында «Жылу,электр және жарық құбылыстары» (мұғалімі: Жасқайратова Р.Д.), «Рационал теңдеулер мен теңсіздіктер» (мұғалімі: Адилова Г.Т.), «Туризм негіздері» (мұғалімі: Андамасова А.А.), 8 «Б» сыныбында «Робот техникасы» (мұғалімі: Кубашова Ш.К.), «Жылу,электр және жарық құбылыстары» (мұғалімі: Жасқайратова Р.Д.), «Туризм негіздері» (мұғалімі: Андамасова А.А.), «Сұлулық және денсаулық» (мұғалімі: Кахова А.М.), 8 «В» сыныбында «Теорическая информатика» (мұғалімі: Фролов В.В.), «Из отходов в доходы» (мұғалімі:Сапаров А.Г.), 9 «А» сыныбында «Зайырлылық және дінтану» (мұғалімі: Ахметов С.Б.), «Экология» (мұғалімі: Зиналиева А.Ж.), «Баскетбол» (мұғалімі: Умбеталиев Е.Ж.), 9 «Б» сыныбында «Светскость и основы религиоведения» (мұғалімі: Ахетов С.Б.), «Компьютерная графика» (мұғалімі: Фролов В.В.), 10 «А» сыныбында «Абайтану» (мұғалімі: Султангереева Г.О.), «Алгебралық теңдеулер және оларды шешу әдістері» (мұғалімі: Адилова Г.Т.), «Физикадан есептер шығару практикумы» (мұғалімі: Жасқайратова Р.Д.), «Химия және экология» (мұғалімі: Ахметова А.Н.), «Әлемді тану» (мұғалімі: Абдрахманова К.С.), «Микробиология» (мұғалімі:Зиналиева А.Ж.), «5 күндік оқу –далалық жиын» (мұғалімі: Дарменов Р.Х.), 10 «Б» сыныбында «Іскерлік ағылшын тілі» (мұғалімі: Суюнгалиева А.Ж.), «Абайтану» (мұғалімі: Султангереева Г.О.), «Орта ғасырлардағы тарихи шығармалар» (мұғалімі: Ажғалиев Т.У.), «Грамматикалық практикум» (мұғалімі: Суюнгалиева А.Ж.), «Журналистика және стиль» (мұғалімі: Султангереева Г.О.), «Физикадан есептер шығару практикумы» (мұғалімі: Жасқайратова Р.Д.), «5 күндік оқу –далалық жиын» (мұғалімі: Дарменов Р.Х.), 11 «А»сыныбында «Абайтану» (мұғалімі: Султангереева Г.О.), «Физикадан есептер шығару практикумы» (мұғалімі: Жасқайратова Р.Д.), «Органикалық химиядан күрделі есептер шығару» (мұғалімі: Ахметова А.Н.), «Әлем шаруашылығы – ғаламдық географиялық жүйе» (мұғалімі: Абдрахманова К.С.), «Эволюциялық ілім» (мұғалімі: Кахова А.М.), «Іскерлік ағылшын тілі» (мұғалімі: Исамбаева Г.К.), «Избранные вопросы физики» (мұғалімі: Тасмағамбетов А.Ж.), «Решение задач повышенной сложности по органической химии» (мұғалімі: Сабитова А.А.), «Сложные вопросы орфографии и пунктуации» (мұғалімі: Утегалиева Г.К.).

Тілге байланысты бағдарламалар тіл білімінің синтаксисі саласы бойынша тілдік материалдарды сатылай кешенді талдауға арналған. Мұнда құрмалас сөйлем, құрмалас сөйлемнің түрлері жайлы меңгерген теориялық материалдарды рет-ретімен сызба бойынша

